Сөзімді қорыта келе айтпағым, қолымызда бар Жер ананың бізге берген сыйын сақтап қалуға тырысуымыз керек.Үлкен ағаларыма айтар ұсынысым да осы. Әрине бұл менің айтқандарым еліміздегі Арал,Сырдария,Каспий теңіздерінің қазіргі жағдайларына қарағанда ұсақ болуы мүмкін. Алайда бұл жағдай менің туған өлкеме,ауылыма деген перзенттік махаббатымның жан айқайы. Менің бұл жағдайға шарасыздығым жаныма батады. Мектеп оқушылары жыл сайын көктем кездерінде бұлақ көздерін аршып, тал егу жұмыстарын жүргіземіз. Бірақ бұл істеген шараларымыз көлге құйған тамшыдай ғана. Сондықтан ауылымыздың ағаларын осы құндылықтарымызды сақтап қалуға, қандай да бір шаралар жасаса екен деп ұсыныс айтамын. Болашақта осы ауылымның әсем табиғаты, тоғайларымыз, өзен,бұлақтарымыз қалпына келіп, қайтадан құлпыратынына сенемін. Барлық аға-апайларымды «Туған жерге тағзым», «Мәңгілік ел»ұлттық идеологияның негізінде жасалған бағдарламалар бойынша ауылымыздың экологиялық жағдайларын жақсартуға үлес қосуға шақырамын!

Шәкәрім атамыздың атымен аталған үлкен білім ордасында өз жобамды қорғап тұрғаннан кейін сөзімді Шәкәрім атамыздың мына өлең жолдарымен аяқтаймын.

Жанымыз күннен келген нұрдан,
Тәніміз топырақ пен судан.
Күн – атам, анық жер- анам,
Бірі нұр беріп, бірі тамақ,
Өсірген күтіп әлпештеп-ақ,
Бұзады бірақ қайтадан-деп жырлағандай Жер- Анамыздың бізге берген байлығын сақтауға шақырамын!

**Әдебиеттер**

1. Мырзабаев Асқар. Өлеңдер жинағы. 84 бет
2. Шәкәрім өлеңдер жинағы.

**Е. Увалиханов**
КМҚК "Геологиялық барлау колледжі"
Ғылыми жетекші – **Ш.А. Касымжанова**, химия-биология пән мұғалімі

## ТІРІ ӘЛДЕ ӨЛІ СУ МА?

Ластанған судың құрамындағы химиялық қоспалар, тұздық құрамы, еріген бөлшектер, температура әр түрлі болуы мүмкін.Су бассейнінің ластануының негізгі себептері – тазартылмаған ағын суларды өзен-көлдерге жіберу. Тұрмыстық сарқынды суларда органикалық заттар 58%, минералдық заттар 42%-дай болады. Өнеркәсіпте пайдаланылатын сулар мен синтетикалық жуатын заттармен сулардың ластануы өте қауіпті. Қазіргі кезде ашық өзен, көл суларымен қатар жер асты сулары да сарқынды, шайынды сулармен және еріген зиянды заттармен ластанып отыр.

**Зерттеу бөлімі**:

Зерттеу № 1 Зерттелетін судың органолептикалық қасиетін зерттеу: мөлдірлігі, дәмі, иісі.

**Қорытынды:** Зерттелетін су өте лайлы, иісі жоқ .

Зерттеу № 2 Зерттелетін су құрамындағы мырыш ионын ($Zn^{2+)}$ анықтау. 10 мл зерттелетін суға 2 тамшы $NH_4OH$ және метилоранж тамызамыз. 10 тамшы буферлі-ацетатты ерітінді (CH3COOH+CH3COONa), 3 тамшы $Na_2S_2O_3$ тамызып,араластырып,8 тамшы $CCl_4$ қосып,2 минут шайқаймыз. Ерітінді түсі қызғылт түске өзгерсе,су құрамында мырыш бар дегенді білдіреді.

**Қорытынды:** Зерттелген су қызғылт түске түске боялды. Лас су құрамында мырыш ионы бар екені анықталды.

Зерттеу № 3 Зерттелетін су құрамындағы темір ионын($Fe^{2+}$,$Fe^{3+}$) анықтау. $Fe^{3+}$ +3 $SNC^{-}$ = $Fe(SNC)_3$ Зерттелетін 10 мл суға 3тамшы конц. HCl,( $NH_4)_2S_2O_8$ түйіршіктерін,6 тамшы 50% $NH_4SNC$ қосамыз. Ерітінді сарғыш-қызылдан қызылға дейін өзгерсе темір ионы болғаны.

**Қорытынды:** Зерттелген ерітінді түсі өзгермеді,темір ионының кесте бойынша мөлшері 0,005мг/л бар екенін анықтадық.

Зерттеу № 4 Зерттелетін су құрамындағы сынап ионын ($Hg^{2+)}$ анықтау. 10мл зерттелетін суға 10 тамшы буферлі-ацетатты ерітінді (CH3COOH+CH3COONa),0,1 М Трилон Б,10% KSNC ,5тамшы $CCl_4$ қосып, шайқаймыз. Ерітінді түсі сарғыш-қызыл түске өзгерсе,су құрамында сынап бар дегенді білдіреді.

**Қорытынды:** Зерттелген су сарғыш түске түске боялды. Лас су құрамында сынап ионы бар екені анықталды.

Зерттеу № 5 Зерттелетін су құрамындағы $Ca^{+2}$ иондарын зерттеу. $Ca^{+2}$+C2O4$^{2-}$ = CaC2$O_4$ Зерттелетін су құрамындағы Ca $^{+2}$ анықтау үшін 10% $NH_4OH$, 10 тамшы $(NH_4)_2 C_2 O_4$ , 2 тамшы $NH_4Cl$ қосамыз.

**Қорытынды:** Зерттелген ерітінді лайланды. $Ca^{+2}$ ионының бар екенін анықталды.

Зерттеу № 6 Зерттелетін су құрамындағы қорғасын ионын ($Pb^{2+}$) анықтау. $Pb^{2+}$ + $S^{2-}$ = PbS Сынауыққа 1 мл су және 3 тамшы 20% сегнет тұзын,1-2 тамшы 25% NaOH, 2 тамшы KSNC қосамыз. Қоспаға 5 тамшы 5%$Na_2S$ құйып, араластырамыз.

**Қорытынды:** Ерітінді түсі сарғайды,қорғасын ионы көп мөлшерде болса ерітіндіде қоңыр тұнба пайда болады.

Зерттеу № 7 Зерттелетін су құрамындағы аммоний ионын ($NH_4^+$) анықтау. Сынауыққа 10 мл су және 3 тамшы 20% сегнет тұзын, 2тамшы реактив Несслера ерітіндісін қосамыз.3 минуттан соң ,бақылау нәтижесін көреміз.

**Қорытынды:** Ерітінді түсі сарғайды,су құрамында аммоний ионы ионы бар екені анықталды.

**Қорытынды:** Төгін су мөлшері, соның ішінде құрамында зиянды органикалық қосылыстар бар төгін су мөлшері жылдан-жылға артып келеді. Сондықтан оларды тазартуға қоса басқа кешенді шаралар жүйесін қолдану қажеттігі туады. Кешенді шаралар: Суы аз ,қалдықсыз,тұйық суайналымдық немесе суды салқындатып, қайтадан іске жарату жүйесі бар технологияларға көшу. Өндіріс және тұрмыс қалдықтары бар лас суларды тазалау әдістерін жетілдіруде заманауи құрылғылар пайдалану.

**Әдебиеттер**


1. Алексеевский В.Б., Бардин В.В., Бойчинова Е.С., Булатов М.И., Калинкин И.П., И-М.А. Кедринский, В.И.Мосичев, Г.И. Николаев. Талдаудың физикалық-химиялық әдістері. Химия, 1988.
2. Амерханова Ш.К. «Аналитикалых химия» – Астана:Фолиант, 2015
3. Пимиченко А.Т. Пятницкий И.В.. Аналитикалық химия. М.:Химия, 1990.
4. Крешков А.П. Аналитикалық химия негіздері. ЖОО-на арналған оқулық. М.: Химия, 1970.



**М.А. Аманбаев**

«Электротехника колледжі» КМҚК

Ғылыми жетекшісі – **Ш.Ә. Шынарбек**, арнайы пәндер оқытушысы


## СУТЕГІНІ ДӘСТҮРЛІ ОТЫНДАРҒА ҚОСПА РЕТІНДЕ ПАЙДАЛАНУҒА КӨШУ МҮМКІНДІГІН ТАЛДАУ

Қазіргі әлемде экологиялық қауіпсіз отын түрін алу өте маңызды. Осыған байланысты идеалды отын сутегі болып табылады, өйткені ол оттегі ортасында жанған кезде тек су пайда болады. Нақты калориялық мәні бойынша сутегі барлық белгілі отындардан асып түседі. Сонымен қатар, сутегі әлемдегі ең көп таралған элемент және тиімді энергия аккумуляторы болып табылады. Сутекті отын ретінде қолдану әртүрлі жағдайларда мүмкін болады, бұл әлемдік энергетика мен экологияға, оның ішінде Қазақстанға да елеулі үлес қоса алады. Бірақ бұл отынның бір кемшілігі бар. Бұл оны өндіруге кететін шығын. Қазіргі уақытта сутегі жаппай өндірілуі мүмкін, бірақ ол энергияның басқа түрлерін қажет ететіндіктен қымбат болуы мүмкін [1].

Бұл зерттеуде электролиз арқылы сутегін алу әдісін қарастырамыз [4]. Өйткені, бұл әдіс ең экологиялық таза және осылай өндірілген сутегі «жасыл» деп аталады. Сонымен қатар жасыл сутегі ең жоғары энергия тиімділігіне ие [2]. Бұл әдіспен мәселе электр энергиясы пайдаланылғандықтан, жоғары энергия тұтыну болып табылады. Соның нәтижесінде сутегіміз электр энергиясына қарағанда қымбатқа түседі, бұл өз алдына экономикалық жағынан тиімді емес. Мәселені шешу баламалы энергия көздерін, атап айтқанда күн энергиясын пайдалану болып табылады [4].

***Идея*** – қуаты үштен біріне тең күн панельдерін орнату. Сутегі алу үшін өндірілген энергияны **электролизерге** жібереміз. Үйде өндіру және пайдалану кезінде сутектің қаншалықты пайдалы болатынын есептейміз. Өндірілетін электр энергиясының мөлшерін білгенде, судың электролизі

арқылы қанша сутегі алуға болатындығын есептей аламыз [3]. Бүгінгі таңда электролит ретінде қатты полимерді (ТП – электролиз) қолданамыз. Судың электролизі ең қол жетімді және тиімді әдіс болып табылады. Электролитте балқытылған сілтілі электролиз кезінде судың массасы 0,5-2,0% құрайды. Электролизер ұяшығында кернеу жоғарыламай, ток тығыздығы бірнеше есе артады, өйткені қатты электролиттерді қолданған кезде электродтар арасындағы қашықтық жасушада айтарлықтай төмендейді. Өндірілген барлық сутегі **сутегі қабылдағышқа** жиналады. Осылайша біз энергияны сақтай, жинақтай, қолдана, тасымалдай аламыз. Сонымен қатар, сутегі ыңғайлы энергия тасымалдаушысы болып табылады [2]. Енді жүктемелердің қуатын есептеп, үйдегі электр және жылу желілерінің сутегі энергиясын енгіземіз. Идея мынада: түнде бүкіл үйді **сутегі отын элементінен** электрмен қамтамасыз ету. Біз үшін ең қолайлы – протон алмасу мембранасы бар отын элементі.

Зерттеудің келесі кезеңі – үйдегі **үй қазандығына** сутегі қосу. Химиялық қасиеттері бойынша сутегі табиғи газға қарағанда жоғары энергия сыйымдылығына ие [1]. Сутектің жануының нақты жылуы шамамен 130 МДж/кг құрайды, ал табиғи газ – 50 МДж/кг.

Осы үлгілердің негізінде модельдеу жүргізілді – оларға сутегі қосылған кезде газдардың физикалық параметрлерін есептеу жүргізілді. Бүкіл жылыту кезеңінде сутекті қосу үшін, егер біздің климаттық жағдайымызда тәулігіне 24 сағат орташа есеппен 105 күн газ қазандығын қосса, сағатына 0,43 $м^3$ сутегі қосу керек. Өз кезегінде, бұл мән 3,1 кВт·сағ энергияға тең, бұл барлық қажетті энергияның шамамен 30%-ын жабуға мүмкіндік береді. Парниктік газдар шығарындылары да 30%-ға азаяды.

Осы зерттеуде жүргізілген модельдеу және есептеу нәтижелері үйде тұрғын үйдің инженерлік желілерінің гибридті жүйесінде сутекті алуға, сақтауға, жинақтауға және пайдалануға болатындығын көрсетті.

**Әдебиеттер**


1. С. В. Новоселов. Возможности использования водорода в качестве топлива для двигателей внутреннего сгорания. – М. 2007. – 145 с.
2. Н. Гриб. Водородная энергетика: мифы и реальность. – Спб. 2020. – 15 с.
3. Глинка Н.Л. Общая химия: Учебное пособие для вузов / Под ред. А.И. Ермакова. Изд. 28-с, переработанное и дополненное. – М.: Интеграл-Пресс, 2000. – 728 с.
4. Дж. Обраен, Высокотемпературный электролиз для эффективного производства водорода в энергетике . – Техас.: Цех водорода, 2014. – 154 с.



**А. Тулеуова**

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Аягөз ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 5 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Ғылыми жетекшісі – **Г.О. Оразбекова**, физика пәнінің мұғалімі, педагогика магистрі


## БАЛАМАЛЫ ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ

Соңғы жылдары әлемде «энергетикалық қауіпсіздік» термині пайда болды. XXI ғасырда энергетикалық қауіпсіздік мәселесі бірінші орынға шығып отыр: біріншіден, дәстүрлі қуат қорлары сарқылып барады, екіншіден, энергияны тұтыну көлемі артып отыр.

Егер болашақта электр қуатын тұтыну мен оны өндіру арасындағы тепе-теңдік тым алшақтап кетсе, электроресурстар үшін әлем елдері арасында талам-тартыста туындауы мүмкін екендігін сарапшылар жоққа шығармайды. Сондықтан аталған сын-қатерлерді болдырмау бағытында адамзат қауымы бірлесіп күресуі тиіс.

Энергия көзі сарқылатын жәнк сарқылмайтын болып екіге бөлінеді. Сарқылатын минералды ресурстардың көмегімен энергия өндіру классикалық әдіске жатқызылады.

Оған көмір, газ, мұнай және уран кіреді. Энергияны баламалы жолмен өндіру салыстырмалы түрде жаңа сектор болып есептеледі.

Бұған күн сәулесі, жел, өзендегі су, жер астындағы жылу және биомассаның көмегімен энергия өндіруге жатады. Бұлар сарқылмайтын, әрі қоғамдық ортаға зиянсыз деп танылған. Биомассаның бірі болып табылатын (ірі қарашық тезегі) жайында айтқым келеді. Қарапайым қондырғы арқылы қидың құрамынан метан бөліп алуға болатынын, яғни 1 тонна биомассадан 27 куб метан алынады. Бір бөлкедей газ 18 күн бойы жанып тұрады. Метанмен бірге көмірсутек және аммиакта бөлінеді.

Бұл жаңа қондырғы қондырғы сызбасын ауылда жасалған. Болашақта осы биомассадан алынған энергия түрлерін дамыту және ауыл шаруашылығына таптырмас көмек екені сөзсіз.

Біздің мектебіміз Шығыс Қазақстан облысы Аягөз қаласында орналасқан. Біздің аймақта қолданылатын энергияның 95% дәстүрлі энергия көздерінен алынады. Халық санының өсуі мен ғылыми-техникалық қарқынды дамуы,айнала қоршаған ортаға экологиялық проблемалар тудырумен қатар, энергетикалық ресурстардың таусылу тапшылығына әкеп соғуда. Сол себепті осы аймақты баламалы энергиямен қамтамасыз етудің тиімді жолдарын зерттеуді жөн көрдім.

Биогаз – бұл тамаша қалпына келетін ресурс және мұны кез келген органикалық қалдықтан (тамақ қалдығы, мал қалдығы, тұрмыстық қалдық, ағын суларының тұнбасынан және т.б. сол сияқты) алуға болады. Тек бір ғана ауылшаруашылық өнімдерінің қалдықтарынан пайда болған биогаздың потенциалдық қоры жылына 1-1,3 млрд. тонна жанғыш шикізат береді екен, ал бұл дегеніміз пайдаланылатын дүниежүзілік энергия ресурстарының оннан бір бөлігі. Биогаз қондырғыларында биогазды ең түрлі ауқымда алуға болады. Ол өз кәсіпорнын энергиямен қамтамасыз ету үшін шағын тазарту мен қондырғылар болуы мүмкін және газ бен электр қуатын желіге беруге арналған алып орталықтандырылған энергия парктері болуы мүмкін.

Жалпы, қалпына келетін энергияның келешегі зор, экологиялық таза, қоры еш уақытта сарқылмайды, арзан әрі тиімді. Оларды пайдалану табиғат баланстарын бұзбайды. Егер біз баламалы энергия көздерін тиімді және үнемді пайдаланатын болсақ бұл біздің келешегіміздің кепілі. Қуат жетіспеушілігі мәселесін шешудің бір амалы – қуатты үнемдеу. Қуатты үнемдеуге бағытталған шаралар Қазақстандағы нағыз балама қуат көздері болып табылады.

**Әдебиеттер**


1. Жас талап.kz.2011 ж «Физика,химия,математика»
2. Физика туралы № 2 2ОН
3. Интернет жүйесі
4. Егемен газеті ҚР мемлекет басшысы 2017



**А. Жайықұлы, Н. Қуандықұлы**
КМҚК «Геологиялық барлау колледжі»,
Ғылыми жетекшісі – **Ш.А. Касымжанова**, химия-биология пән оқытушысы


## АХАТИН ҰЛУЫ КРЕМІНІҢ ҚҰПИЯСЫ

Ұлу шырыш фильтраты корей және жапон тері күтімі өнімдерінің танымал ингредиенті болып табылады. Ұлу шырышы бар крем белсенді ингредиенттерді тері тіндеріне мицеллярлық құрылымдық жеткізуге,сіңіруге негізделген. Косметологияда арнайы өсірілген ұлулар қолданылады. Олардың құпиясында рекордтық мөлшерде коллаген, эластин және табиғи антисептиктер бар [3].

Нәтижесінде ұлулардың 2 түрлі шырышты бөлетіні белгілі болды. Біріншісі қозғалу процесінде. Екіншісі – қалпына келтіру процестеріне жауап береді, өсуге, қабықтың қалпына келуіне ықпал етеді, дененің зақымдануын жояды [4]. Соңғысы косметология саласындағы ең маңызды жаңалық болды. Кейінгі зерттеулердің нәтижелері бойынша моллюсканың шырышында адам терісіне жақсы әсер ететін муцин протеині, лектиндер, гиалурон қышқылы, аллантоиндер бар екені анықталды. Кейіннен ұлулардан жасалған косметика Кореяда жаппай шығарыла бастады [2]. Ахатин ұлуын зерттеу 2017-2018 жылы дене құрылысының ерекшелігімен танысу,ал 2018-2019 жылы шырышының химиялық құрамын зерттесек, 2019-2020 жылы ұлудың массажының пайдасы мен крем алу жолдарын,ал 2021-2022 оқу жылында крем алу және кремнің құрамын зерттеуді қолға алдық [5].

**Зерттеу бөлімі**

**1. Ахатин ұлуы шырышынан крем алу**

Реактивтер мен материалдар: қатты май (қой майы) глицерин, 10% натрий гидроксиді ерітіндісі, тазартылған су, шырыш, этил спирті,араластырғыш, электр плиткасы, химиялық стакан, шыны таяқша. Қажетті мөлшердегі шырыш сығындысы сыйымдылығы 200 мл химиялық стаканға салынып, глицерин, спирт қосып, біртекті жүйе алынғанша араластырады. Содан кейін гель түзетін агент кішкене бөліктерде (қой майы) үздіксіз қарқынды араластыра отырып, стаканға енгізіледі. 10% NaOH ерітіндісін қосу арқылы pH мәні 6,0-8,5 болу қажет. NaOH ерітіндісі кішкене бөліктерде енгізіледі және мұқият араластырылады [1].

Қорытынды:Алынған крем иіссіз,жұмсақ,теріге тез сіңеді.

**2. Сатылымдағы ұлу кремінің ылғалдылық пен құрамындағы ұшқыш компоненттерді анықтау**

Реактивтер мен құрал-жабдықтар: крем үлгісі, таза күйдірілген құм,кептіру шкафы, аналитикалық таразы, бюкстар, шыны таяқша.

Күйдірілген құмды шыны бюкске 1/3 толтырып, аналитикалық таразыда шыны таяқшамен өлшейді. Содан кейін 2-4 г зерттелетін кремді құтыға салып, қайтадан өлшейді. Құм мен крем қоспасын мұқият араластырғаннан кейін бюксті шыны таяқшамен бірге пешке орналастырылады және тұрақты салмақ болғанша 100-105° С температурада сақталады [1].

Ылғалдылық пен ұшқыш заттардың мөлшері формула бойынша есептеледі:

$$X = \frac{m_1 - m_2}{m} \cdot 100 = (61{,}9612-60{,}9428) \times 100 / 2 = 50{,}92\%$$

**Қорытынды:** Кілегейдің белсенді заты - өзін-өзі емдеу қабілеті бар муцин. Тері тініне еніп, препарат нәрлендіреді, сыртқы және ішкі зақымдануды қалпына келтіреді. Ұлу косметикасы өте қысқа мерзімде теріні ретке келтіреді, қабыну мен безеуді емдейді, әжімдерді азайтады және өңін жақсартады.

**Әдебиеттер**


1. Андрюхова М.В. Технология парфюмерно-косметических продуктов Лабораторный практикум Минск – 2018.
2. Зенкевич Л.А. Беспозвоночные / Л.А. Зенкевич. М.: Просвещение. – 1968.
3. Қайымов Қ. Қызықты зоология. Алматы, «Мектеп». – 1974.
4. Хроков В. Ұлулар әлемі. Алматы, «Қайнар», 1984.
5. Суворова П.И. Лечебные свойства Ахатина, «Здоровья». – 2007 – № 12



**О.Е. Никитенок**
КГУ «СОШ № 35 город Семей
Научный руководитель – **И.К. Исмаилова** учитель химии,
магистр педагогических наук по специальности «Химия»


## ХВОЯ СОСНЫ ОБЫКНОВЕННОЙ КАК ИСТОЧНИК ВИТАМИНА С

В настоящее время в классе хвойных рассматриваются от 6 до 8 семейств с общим количеством родов 65-70 и 600-650 видов. Распространенны хвойные деревья в умеренных областях Северного и Южного полушарий.

**Актуальность** данной работы состоит в том, чтобы предложить в качестве дополнительного источника витамина С хвою сосны, наличие которого можно доказать качественными реакциями на данный витамин.

**Методами** данного исследования выступают анализ научно-исследовательской литературы, химический эксперимент на основе качественных реакций на витамин С.

В связи с избранной темой была сформулирована **цель** исследования: изучить лечебные свойства сосны обыкновенной.

**Обнаружение витамина С в настое хвои сосны**

Качественное определение витамина С проводили с помощью качественных реакций, предварительно приготовив витаминный настой хвои сосны, хвоя была собрана в сосновом бору, на площади, в центральном парке. Аскорбиновая кислота легко вступает в окислительно-восстановительные реакции.

**Ход эксперимента:** обнаружение витамина С проводят в настое хвои. В качестве образца для сравнения использовали раствор медицинского препарата аскорбиновая кислота.

<u>Опыт 1.</u> К 1 мл раствора перманганата калия добавляем по каплям исследуемый раствор. Обесцвечивание подтверждает наличие витамина С. <u>Опыт 2.</u> К 1 мл раствора йода добавляем по каплям исследуемый раствор. Обесцвечивание подтверждает наличие витамина С. <u>Опыт 3.</u> К исследуемому раствору добавляют 1 мл раствора нитрата серебра, при этом на стенках пробирки появляется серебро, что подтверждает наличие витамина С. <u>Опыт 4.</u> В пробирку вносят 10 капель витаминного раствора, добавляют 2 капли 10%-ого раствора гидроксида натрия и одну каплю 5%-ого раствора железосинеродистого калия. Содержимое пробирки хорошо перемешивают и

прилипают 6 капель 10%-ого раствора соляной кислоты и 2 капли 1%-ого раствора хлорида железа. Выпадает осадок берлинской глазури.

В пробирке аскорбиновая кислота в щелочной среде восстанавливает железосинеродистый калий (гексацианоферрат (III) калия, красная кровяная соль) – $K_3[Fe(CN)_6]$ до железистосинеродистого (гексацианоферрат (II) калия, желтая кровяная соль) – $K_4[Fe(CN)_6]$. Желтую кровяную соль, как продукт реакции, обнаруживают раствором хлорида железа (III) в кислой среде с образованием берлинской глазури.

Аналогичные опыты были проведены с аскорбиновой кислотой. Были получены те же результаты.

**Результаты эксперимента:**

В настое хвои сосны содержится витамин С. Проведенные опыты подтверждают эффективность использования настоев из хвои в качестве витаминного препарата.

В 100 г сырой хвои содержится – более 1 мг витамина $B_1$, $B_6$, 4 мг витамина РР и около 250-260 мг витамина С наиболее подходящими для приготовления витаминного настоя являются одногодичные ветки сосны. Препараты хвои сосны обладают целым рядом полезных медицинских свойств.

## Литература


1. Государственный доклад о состоянии окружающей среды Республики Коми в 2013 году, Сыктывкар, 2014.
2. Жизнь растений (в 6-и томах) / ред. Грушвицкий И.В., Жилин Н.Г. – Т.4. – 448 с.
3. Ивченко С.И. Книга о деревьях / С.И. Ивченко. – М.: Лесная промышленность, 234 с.
4. Липин П.В.Лекарственные растения Севера: Использование в народной медицине и быту / П.В. Липин, В.В. Нагаев. – Сыктывкар, СГУ 1993. – 108 с.
5. Маркаров А.М. Физиология растений в опытах / А.М. Маркаров, Г.А. Воробейков, В.Н. Бредихин. – Сыктывкар, КГПИ, 2008. – 16 с.
6. Мартыненко В.А. Таежная аптека / Мартыненко В.А., Котелина Н.С., Дулесов К.Н., Лащенко А.Н. Сыктывкар: Коми книжное издательство, 1980. – 64 с.
7. Ужегов Г.Н. Животворные источники (Лекарственные растения России) / Г.Н. Ужегов Ростов-на-Дону: Фенис. 1996. – 608 с.

**Интернет-ресурсы:**

8. http://www.kazedu.kz/referat/63596
9. http://indasad.ru/lekarstvennie-rasteniya/golosemennie-rasteniya-poleznie-svoystva-efedri-i-ginkgo

# № 2 СЕКЦИЯ: ҚАЗАҚ ТІЛІ, ӘДЕБИЕТІ ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТИКА

**А.Ж. Меделханова, Д.Г. Смагулова**
Семей қ. «№ 4 жалпы орта мектеп» КММ
Ғылыми жетекшілері – **М.М. Болсымбаева ,М.Б. Джаркынбаева**
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері

## ҚАБДЕШ ЖҰМАДІЛОВТЫҢ «ТАҒДЫР» РОМАНЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ КОД

Қабдеш Жұмаділов XIX ғасырдың соңғы кезеңіндегі шекара бөлінісін арқау еткен “Тағдыр” романы үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығын иемденді.

Қ. Жұмаділовтің “Тағдыр” романы қазақ халқы басынан кешірген ауыр бір кезең – екі империяның алаштың ата қонысы болған сайын даланы екіге бөліп, шекара сызығын жүргізген кезеңін арқау еткен [1]. Шығармада қазақтың ұлттық салт-дәстүрлеріне (келін түсіру, қыз айттыру) байланысты сюжеттер ұлттық болмыста көрініс тапқан. Мұндай эпизодтарда қазақ елінің тұрмыс-салттық, әдет-ғұрыптық көзқарастары мол көрініс тапқан. Әсіресе, үйлену тойына байланысты қыз ұзату, ұрын бару, есік көру, беташар, киіт кигізу т.б. әдет-ғұрыптар жан-жақты бейнеленген.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: ұлттық жаңғыру» атты мақаласында санамыздың ісімізден озық жүруінің маңыздылығын атап, жүйелі түрде талдап көрсеткені баршамызға аян[3]. Ұлттық код дегеніміз не? Қазақтың ұлттық коды деп қазақ халқының жаратылысын, табиғатын, рухани бітімін, өмір салтын айқындайтын белгілерді айтқан жөн шығар.

Қабдеш Жұмаділов романды жазу барысында өтіп кеткен тарихи оқиғаларды баяндаушы ғана емес, тарих қойнауына терең көз жүгірткен ойшыл дәрежесіне көтерілген Бұған дәлел ретінде ерекше суреттелген оқиға – Мәмбет елінің адамы Отыншы бидің асы [5]. Қазақта өлген адамға арнап ас беру – ертеден келе жатқан дәстүр. Ас беру – біріншіден, өлген адамның аруағына деген құрмет болса, екіншіден, елдің елдігін танытатын құбылыс. «Ас пен тойға бару дегеніңіз – ет жеп, қымыз ішіп қайту емес, ел көру, жұрт тану болмақ... Осы бастан сөздерін тыңдап, көмейін көріп таныса бер... Ертең сенің алысатын да, аңдысатын да адамдарың солар болады» деген Керімбай сөзінің астарында тағылымы мол мән байқалады. Осы эпизодта халқымыздың салт-дәстүрі, наным-сенімі, рухани болмысы кеңінен ашылған. Ас үстіндегі ел ақсақалдарының өзін-өзі ұстау, сөйлеу мәнері, жоқтау айту, ат жарысы, балуандар күресі т.б. ұлттық салт-дәстүрлер романда өзінің өрнегін тапқан. Жазушы романдарында халық өмірін суреттеуде оның салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, этнографиясын қамтып отырады. Бодандық қамытын кисе де, халқының ұлттық болмысын, рухани дүниесін жоғалтпағандығын көрсетеді. Қабдеш Жұмаділов қазақ дәстүрінен орын алған екі әйел алуды, бәйбіше мен тоқалдың арасындағы қарым-қатынасты күндестікке, бақталастыққа әкеліп тіремей, адамдық қасиеттерді зерделеу негізінде таныта алған. Бұл да жазушының өзіндік қолтаңбасын, жаңаша пайымын білдіреді [2].

Сан ғасырдан бері халқымызбен жасасып келе жатырған әдет-ғұрып, салт-дәстүріміздің қолданысына мүмкіндігінше қанық болғанымыз дұрыс. Жақсы жарасымын тапқан салт-дәстүрлер қазақ халқының пайым-түсінігімен, психологиясымен, тектілігімен астасып жатыр. Салт-дәстүр – ел өмірімен біте қайнасып кеткен рухани және мәдени азық. Біздің халқымыз өз ұрпақтарын қасиетті салт – дәстүрмен, өнегелі әдет-ғұрыппен, ырым-тыйыммен тәрбиелеп, ұлағатты ұл мен инабатты қызды теріс жолға түсірмей тәрбиелей білген.

Ойымызды қорытындылай келе, елімізде салт-дәстүрімізді насихаттайтын игі іс-шаралардың жалғасын тапқанын қалаймыз. Жас ұрпақты ұлтжандылыққа тәрбиелейтін дәстүрлеріміздің ғұмыры ұзақ болғай! Құндылықтарымыз бен озық дәстүрімізді табысты жаңғырудың алғышартына айналдыра білу. Осы орайда, өткеннен сабақ алып, болашаққа нық қадам басуымыз бен, тағылымы терең жүйелі ойды қалыптастырар, еңбектері бізге мирас болып қалған асыл мұра.

Бала тәрбиесіндегі үлкен рөл атқаратын ата – бабаларымыздан қалған, қолданыстан шыққан көне салт – дәстүрлеріміз балаларға арналған суретті кітаптарда, мектеп оқулықтарында, отбасына арналаған бағдарламаларда көптеп шығарылса деп ойлаймыз.

**Әдебиеттер**


1. Жұмаділов Қ. «Тағдыр» романы. «Жұлдыз» журналы № 5, 1988 жыл. – 6-82 бет.
2. Нұрғали Р. «Сөз өнерінің эстетикасы». Кітап. Астана, «Елорда». – 2003 жыл.
3. Н.Ә. Назарбаев «Болашаққабағдар: руханижаңғыру» аттымақаласы. – 2017 жылғы 12 сәуір
4. https://adebiportal.kz/kz/



**Н. Гадылова**

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Аягөз ауданы бойынша білім бөлімінің
«№ 5 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Ғылыми жетекшісі – **А.М. Кунанбаева**, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, лингистика магистрі


## ҚАЛАМГЕРЛЕРДІ СҰХБАТТАРЫ АРҚЫЛЫ ТАНУ ЖОЛДАРЫ

Қазіргі кезде эстрада мен кинonың, шоу бизнес жұлдыздарымен жүргізілетін сұхбаттарды, олар туралы жазылған мақалаларды көпшілік үлкен қызығушылықпен оқиды. Ал менің құрбыларым қаламгерлердің жылдар мен сандарға, әр түрлі қиын атауларға толы кейде өзіміз жете сезінбейтін заман туралы оқу кейде қызықты бола бермейді. Қаламгердің көркем туындыларын оқи отырып, біз оның өз өмірбаянын тасада қалдыратын сияқтымыз. Біз бұл жұмысымызда қаламгерлердің өміріне қатысты деректерді түрлі мақалалары мен сұхбаттары арқылы тануды Әбіш Кекілбайұлына байланысты жүргізілген зерттеу негізінде ұсынамыз.

Уикипедия – ашық энциклопедиясында «Әбіш Кекілбайұлы 1939 жылы 6 желтоқсан күні Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы (бұрынғы Гурьев облысы), Оңды ауылының Мырзайыр деген жерінде туған» [1] деген мәлімет берілген.

«Менің екі әпкем, бір қарындасым болды. Үш қыздың ортасында өскендіктен бе, ұрда-жыққа үйір емес, ұяң бала болыппын. Әкемнің мен дегенде жаны қалмайды екен. Сонысын білген құрдастары ол жұмыста жүргенде мені үйлеріне алып кетіп, жасырып қояды екен. Әкем үйден үй тастамай ел ақтап іздеп жүргенде, бөтен үйде қыңқ демей, уілдеп күліп отыра береді екем» [2].

Қаламгердің осы сұхбатынан отбасындағы жалғыз ұл және тентек болмағынан білдік. Әбіш ағаның ең алдымен отбасының махаббатына бөленіп өскенін сезіндік.

«Көзімізді ашпай жатып, соғысқа ұрындық. Әкеден айрылдық. Бомбылауды көрдік»,- [3] деп сұхбат беріпті. Осы сөзіндегі «бомбылауды көрдік» дегені бізге күтпеген мәлімет болды. «Үш жасымыздағы кезімде үйіміздің іргесіне бомба түсті. Сталинград түбінен келген фашистер теңіз асып келіп, біз тұратын Таушық атты шағын шахтерлер кентін бомбалады. Сәске шамасы еді. Кенет әлдене гүрс ете қалды да, үйдің ығында отырған біздер анадай-анадай жерге ұшып-ұшып түсіппіз» [2] деп бала кезіндегі адам шошынарлық оқиғаны толықтыра баяндайды. Қаламгердің сөзін растайтын «... майдан шебі Қазақстанға жеткен жоқ. Бірақ майданның жақын келуі оның батыс облыстарының өміріне өзінің әсерін тигізді. 1942 жылдың қыркүйегінде олардың территориясына әскери жағдай жарияланды» [4].

Ұлы Отан соғысы Әбіш ағаны осылайша әкесінен, балалық шағынан айырып, қорқынышқа бөлеген екен.

Әзірге жас болсақ та осы еліміздің өркендеуіне қалай үлес қоссақ болады деген ой бізді де мазалайды. Осы сауалдың жауабын да Әбіш ағадан тапқандаймын. «Қолыңа тиген пұшпағыңа ие бол, көп қамы жолындағы ортақ теріні бірге илес» [5]. Біздің қолымыздағы қазіргі пұшпақ ол – оқу. Иә, біз оқуымызды үздік оқып, көп іздену арқылы ел ертеңінің жарқын күндеріне үлес қосады екенбіз.

Әбіш Кекілбайұлының басынан кешкен қызықты оқиғалары, қиын сәттерде шешімін тапқан істері, тығырыққа тірелгенде қолдау көрсеткен жанашыр жандары туралы оқып-білу санамызда өшпестей орын алғаны анық. Білімді де білікті маман, елін сүйетін азамат, ең бастысы жақсы адам болу үшін де ол кісінің өз аузымен айтылған естелік-әңгімелерінің әсері, істеген істерінің жеңістері бізді де жаңа ұмтылыстарға қанаттандырады. Ата-әжелерімізден естіген ертегілермен қоса біздің санамызды Әбіш Кекілбаев сияқты біртуар тұлғаның көрген білгені, оқыған-түйгені нәтижесінде айтылған қанатты сөздері де тәрбиелеу керек деп ойлаймыз.

**Әдебиеттер**


1. Уикипедия – ашық энциклопедиясы.
2. «Еркіндік дегеніміз – ешкімнің күштеуінсіз өзіңді өзің қадағалайтын қатаң жауапкершілік» // Кекілбайұлы Ә. 14-том. – Алматы: Жазушы, 2011. – 352 бет.
3. «Намыстың сөзін сөйлейік» // Кекілбайұлы Ә. 14-том. – Алматы: Жазушы, 2011. – 352 бет.
4. Қазақстан тарихы (ХХ қасырдың басы – бүгінгі күнге дейін). Жалпы білім білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық/ М.Қозыбаев Алматы: Мектеп, 2013. – 296 бет, сур.
5. «Қазіргі адам – нарықтық құндылық» // Кекілбайұлы Ә. Шығармаларының жиырма томдық толық жинағы. 11-том. – Алматы: Жазушы, 2011. – 368 бет.

**П.Н. Төлеутай**

«Т. Хасенұлы атындағы орта мектебі» КММ
Ғылыми жетекшісі – **Г.К. Жармагамбетова**, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

## ТҰРЛЫҚАН – ТАБИҒИ ДАРЫНДЫ, СЫРШЫЛ АҚЫН

Жергілікті ақын-жазушыларымыздың өмір жолдары мен шығармашылығын қоғамға таныту біздің міндетіміз. Өз өлкемізден шыққан талай ғұламаларымыз бар. Сол тұлғаларымыздың бірі, зерттеуді қажет етіп, тарих қойнауында жатқан – Тұрлықан Қасенұлы. Ақын, публицист Тұрлықан Қасенұлы 1902 жылы Семей облысы, Қандығатай болысы, Қапанбұлақ ауылында Теректі дейтін жердегі ата қыстауында дүниеге келген. Туысынан зерделі ол зерек болып, әкеден өнеге алып, қисса-дастандарға жақын болып өседі. Сегіз-тоғыз жасынан ауылдық мектепте оқып, білім алады. Тұрлықан Семейге келіп, мұғалімдер даярлайтын сегіз айлық курсқа оқуға түседі. Курсты бітірген соң ауыл мектебінде мұғалімдік қызмет етеді. Кейіннен Семейдегі қазақ педтехникумына оқуға түсіп, техникумда үш жыл оқиды. Отбасы жағдайына байланысты қатар жұмыс істеуге тура келеді. Сөйтіп, Аягөзде аудандық оқу бөлімінде инспектор қызметін атқарып, Семей қаласына жол тартып, «Школа колхозной молодежи» дейтін мектептің директоры болып сайланады.

Белгілі Абайтанушы, әдебиетші – ғалым, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, профессор Қайым Мұхамедқанұлымен де тығыз байланыста болғанын аңғаруға болады. Ол Тұрлықан Қасенұлы туралы «Менің ұстазым» атты естелігінде бөліскен еді. Онда былай делінген: «Мен бесінші классқа оқуға түстім, мектеп директоры Тұрлықан Қасенұлы. Ол нағыз өнегелі ұстаз еді. Менің келешекте қолына қалам алып, әдебиет жолына түсуіме игі әсер еткен көп тағылым алған, алғашқы ұстазым Тұрлықан ағамыз болды. Одан екі жыл сабақ алдым, сол екі жыл бір үйде тұрдық» дейді. Тұрлықан ақын Семей қаласынан ауысып, Көкпекті оқу бөлімінің бастығы қызметіне тағайындалады. Еңбек жолымен бірге Тұрлықан ақынның кесек туындылары жарық көре бастайды. Осы кезеңде Шығыс Қазақстан облыстық жазушылар одағына келе салып, қабілетті ұйымдастырушы, қайраткер Тұрлықан облыстағы ақын-жазушылардың басын қосып олардың күшімен әдеби журнал шығару мәселесін қолға алады. Нәтижесінде «Еңбек» атты журнал шыға бастайды. Облыстық жазушылар ұйымын Тұрлықан басқарып тұрған жылдары Қазақстан Орталық Партия Комитетінің бірінші хатшысы Мерзоян болатын. Осы қазақ зиялыларын қуғындау күшейіп Әуезов, Кемеңгеров, Жұмабаевтар ұлтшыл ретінде сотталып, алды Сібірде айдауда еді. Бұл науқан Тұрлықанды да айналып өткен жоқ. Есіл ер содан бері қайтып туған топырағын басқан жоқ. Екінші дүние жүзі соғысы кезінде – 1942 жылы Төменгі Тагильде өкпеге жабысқан науқастан мезгілсіз көз жұмды.

Тұжыра айтсақ, ақын туындылары кең ауқымды заман мәселелерін қозғауда көркемдік ізденістермен, өзіне тән суреткерлік ерешелігімен байыпталады. Оның шығармаларының ұлттық поэзиямызды дамытудағы орны, көркемдік ізденістерінің орны айқын. Сонымен Тұрлықан Қасенұлының – қазақ әдебиетінің тарихында ақындық қуатымен, әншілік қасиеттерімен айрықшаланған, халқымыздың белгілі бір кезеңдегі рухани өміріне өз тарапынан игілікті ықпал жасай алған, соңына мол әдеби мұра қалдырған шығармашылық тұлға болғандығына көз жеткіздік. Қазақ әдебиетінің ұлттық – тарихи ерекшелігі, тек өзіне ғана тән қайталанбас, дара сипаты осындай өнер иелерінің шығармашылығымен тығыз байланысты.

Бүгінде ұрпақтары еліміздің қалаулы көрнекті азаматтары. Ұлы Болаттың баласы Дәулет Тұрлыханов — грек-рим күресінен қазақстандық және бұрынғы кеңес одағының палуаны. Осы күні өзім оқып жатқан мектеп осы ұлы тұлға Тұрлықан Қасенұлы атымен танылып жүр. Және де осы ұлы адамға арналған мектептің мұражайы бар. Ол жерде осы Тұрлықан Қасенұлының еңбек жолы өмір тарихы ерекше көрсетілген.Ұлттың, жас ұрпақтың сауат ашуына өзіндік үлес қоса алған ақын-ұстазымыздың есімі ел есінде. Тұрлықан Қасенұлының еңбегін жаңғырту бізге міндет, сізге өнеге.

### Әдебиеттер

1. Қ. Мұхаметханұлы «Тұрлықан ақын»
2. Е. Қуандықов «Негізі бар жоғалмас»
3. А.С. Еспенбетов «Тұрлықан Қасенұлы – ақын, ағартушы, қайраткер» 2002 жыл.

**Б. Еділқызы**
КГКП «Семейский финансово-экономический колледж имени Рымбека Байсеитова» УО ВКО
Научный руководитель – **А.Н. Искаков**

## ПРОБЛЕМА ВЛАДЕНИЯ КАЗАХСКИМ ЯЗЫКОМ СРЕДИ МОЛОДЕЖИ. ПУТИ РЕШЕНИЯ

Чем же является Казахский язык? Прежде всего, это язык государственного управления, действующий во всех сферах общественных отношений на всей территории государства Казахстана, если смотреть с точки зрения законодательства. Но все мы знаем, что наш родной язык это не просто способ коммуникации, это величайшее богатство нашего народа. Благодаря языку человек понимает роль собственного народа в минувшем и подлинном, приобщается к культурному наследству, к прогрессивным процессам духовного развития общества и цивилизации. Но понимает ли это наше молодое поколение? Многие ли понимают өзінің Ана тілі? 90,5 процента жителей Казахстана разговаривают на казахском языке, по крайней мере так считают в комитете языковой политики. Это официальная статистика опубликованная в программе по реализации языковой политики на 2020-2025 годы [2]. Однако мне лично захотелось узнать, сколько людей я встречу, которые не говорят на родном языке и узнать причины незнания. Мною был проведен опрос людей в популярных социальных сетях, где зарегистрирован большой процент молодежи нашего государства (VK, instagram и Whatsapp). В исследовательской работе приняли участие 23 персоны. В ходе опроса им необходимо было ответить на 1 вопрос с выбором ответа и на 2 развернутых вопроса.

1) Владеете ли вы казахским языком? оцените по шкале

5 (да. свободно разговариваю и понимаю)

4,5-4 (Наполовину. понимаю, но есть трудности в общении)

3-2 (не совсем хорошо, что-то понимаю, а что-то нет. Проблемы с лексикой)

1 (нет, не понимаю и не разговариваю)

2) Если вы недостаточно владеете казахским языком/не знаете его, опишите проблему/причину этого.

3) Важность казахского языка в современном мире в вашем понимании

Опрос показал следующие результаты: 9 из 23 участников, что составляет 39,1% от общего количества опрошенных, отлично владеют казахским языком. 7 из 23 участников, что составляет 30,4% от общего количества опрошенных, владеют языком наполовину. Такая же статистика у ответа B, 7 из 23 участников не совсем хорошо владеют языком. И ни 1 не ответил, что полностью не знает казахский язык. Далее идут, развернутые ответы на вопросы.

1) Если вы недостаточно владеете казахским языком/не знаете его, опишите проблему/причину этого.

Из 14 вопросов, самыми распространенными причинами плохого знания языка были: низкий стимул изучения, система образования. На 3 вопрос, были воодушевляющие ответы, такие как: “наш язык умирает, если мы не будем уважать свой язык и не понимать на родном нашем языке, то этого надо стесняться”, “ сохранение культуры” и т.п. Однако, были и ответы и такого плана:”В принципе он не особо важен” “..но в перспективе большое значение он не имеет”.

Таким образом, анализ анкет показал, что среди молодежи все таки есть мнение о том, что казахский язык не важен, как раз таки из-за непонимания роли, отсутствия желания и должного уровня патриотизма. Что же мы, растущее поколение, можем сделать для сохранения нашего наследия?

В первую очередь, мы должны понимать, все основные качества человека формируются в семье, ведь семья это маленькое общество. Воспитание-основа национального сознания. Мы должны быть примером для нового растущего поколения и не дать внешним факторам оказывать влияние на самосознание. Так как мы живем в эпоху технологий и социальных сетей, данную возможность можно также повернуть в сторону прогресса нашего языка [3].

Благодаря большому вкладу в мультимедиа отечественного происхождения на родном языке совмещая с тенденциями нашего времени, молодежь сможет проявить больший интерес к изучению языка. Также, я предлагаю скорректировать содержание в учебных пособиях, на те темы, которые интересны для современного поколения, создав опрос.

### Литература

1. https://adilet.zan.kz/
2. https://ru.m.wikipedia.org/
3. https://dic.academic.ru/

**А. Серікханқызы**
«№ 1 Ақшәулі ЖОББМ» КММ, ШҚО, Аягөз ауданы
Ғылыми жетекші – **С.Т.Смаилова**, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

## ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ «ЖАСТАРҒА» ӨЛЕҢІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЖАСТАР

Осы жоба арқылы Шәкәрімнің «Жастарға» өлеңінің мазмұнын, идеясын айқындап түсіндіру, ақын өлеңінің табиғатын, тақырыптық-көркемдік мазмұнын ашуды басты назарда ұстадық. Адамзат баласына, әсіресе жас ұрпаққа аса қажет ұлттық, рухани байлық қажет-ақ. Ал Шәкәрімнің өлеңдері, соның ішінде «Жастарға» өлеңі – жастар тәрбиесінде басты назарға алар шығарманың бірі.

Шәкәрім жамандық пен қоғамдағы кемшілікті әшкерелеумен ғана шектелген жоқ, ұстазы секілді айналасындағыларға бағыт-бағдар сілтеуші де бола білді. Қараңғы халықтың кемшілігін бетіне баса бергеннен гөрі, шығар жолды көрсету керектігін жақсы түсінді. Тығырықтан шығар жол қайдан табылмақ? Әрине,Абайдан! Шәкәрім Абайдан үлгі алуға шақыруды жөн көрді. «Жалыналық Абайға,жүр,баралық!» – дейтіні де сондықтан.

Жастар – қоғамымыздың жүрек дүрсілі, өзегі. Есігінен енді аттап отырған жаңа ғасырда ұлтымыздың өсуі де, өшуі де осы жастарға тікелей байланысты. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деп атамыз қазақ айтқандай, бүгінгі жастар елдің болашағы екеніне бәріміз кәміл сенімдіміз.

Арсыз, арам айланы тастасалық!
Адал іске талаппен бастасалық!
Неде болса білімді ізденелік!
Надандықпен біржола қастасалық, - деп, ақын жастарға қазіргі жастар бейнесін сезгендей орынды ақыл айтады. .

Кел,жастар, біз бір түрлі жол табалық,
Арам, айла,зорлықсыз, мал табалық.
Қанша айтқанмен өзгенің бәрі надан
Жалыналық, Абайға, жүр, баралық – деп бар мәселенің шешімі келер ұрпақ, ертеңгі күннің қалай болары жастардың еншісінде екенін түсініп, оларды Абайдың нәрімен сусындауға шақырды. Осы бір өлеңі арқылы ол Абайды қазақ баласы ішіндегі ең биігі деп бағалайды.

Тәуелсіз мемлекеттің іргетасын қалаушы «Сенде бір кірпіш дүниеге,кетігін тап та бар қалан», – деп Абай атамыз айтқандай, Отанымның өркендеп өсуіне бар күш-жігерімді аямаймын.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтар болсақ, Шәкәрім шығармаларында айтылған Абай бойынан үйренерлік адами құндылықтарды басты орынға қойса,нұр үстіне нұр болар еді.Ұлттың бүгіні мен келешегі-белсенді жастардың қолында.

**Әдебиеттер**

1. Шәкәрім. Шығармалары. – Алматы: Жазушы. – 1988. – 560 б.
2. Ақпаратдереккөзі: https://massaget.kz/blogs/22211/Шәкәрім
3. Шәкәрім. Ғылыми-педагогикалық журнал. – Семей: СМПИ, Шәкәрімтану ғылыми зерттеу орталығы. – 1 (05) 2007. – 134 б.
4. Шәкәрім. Ғылыми-педагогикалық журнал. – Семей: СМПИ, Шәкәрімтану ғылыми зерттеу орталығы. – 2 (01) 2006. – 134 б.

**С. Бірлесханқызы**
«Ю. Гагарин атындағы орта мектебі» КММ
Ғылыми жетекшісі – **Ж.С. Әбілмажинова**, қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі

## ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ТӘРБИЕ ҰҒЫМЫ

Халықтың тәлім-тәрбиесінің ғылыми педагогикадан айырмашылығы оның тәжірибелік бағытта екендігінде, сонда халық тәрбиесі дегеніміз – ең алдымен жанұя, одан кейін ортасының берген тәрбиесі екендігі белгілі.

Ақын ағартушы Шәкәрімнің өлеңдеріндегі танымдық көзқарасы жас ұрпақты оқытып, тәрбиелеуге негізделген. Өлеңдері арқылы ақын қыз бала және ұл бала тәрбиесіндегі ата-ана рөлін, еңбек пен білімге деген қызығушылық, сонымен қатар адам өмірінің құндылығы мен маңызын айқындап көрсетеді.

Адам санасына сіңіп, бойына тазалық пен инабаттылық дарытатын көркем шығармалардың тәрбиелік мәні терең. Шәкәрім шығармаларын оқып, талдау арқылы біздер, жас ұрпақ адамгершілік, адалдық, парасаттылық сынды қасиеттерді бойымызға дарытатын боламыз.

«Еңбек жоқ, қарекет жоқ, қазақ кедей,
Тамақ аңдып қайтеді тентіремей» *немесе*
«Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас,
Қардың суы сықылды тез суалар», – деп адал еңбек етуге шақырған Ұлы Абай атамыз секілді, Шәкәрім Құдайбердіұлы да еңбек тәрбиесіне ерекше мән бере келіп, өз шығармаларында еңбекті адам бойындағы қасиеттердің ең керектісі деп түсінеді.

Бірлік пен талапты еңбекке салыңдар,
Өнерлі елдерден өнеге алыңдар.
Күндестіктің өзімшіл көзін құртып,
Ұмтылып, ерікті ел болып қалыңдар [1] – деп ақын «Бостандық таңы атты» өлеңі арқылы адамзатты еңбекке баулиды. Оның айтуынша, еріншектік, жалқаулық, өтірік пен өсек, күндестік атаулыны жойып, жақсылыққа бастайтын жол – еңбек деп біледі. Еңбек ету, халқына пайдалы жұмыс істеу – адам баласының ең бір мәртебелі парызы десек те болады.

«Шәкәрім Құдайбердіұлының тәрбие жайлы ойлары» мақаласындағы: *«Заманды түзеудің бірінші шарты – адам баласын түзеу деп түсінген ақын өзінің сынын, ең алдымен, жас буынға қарата айтады. Жеке адамның бойындағы жалқаулық, салақтық, мақтаншақтық, сауатсыздық, арамдық сияқты қисық-қыңыр қылықтарды надандықтың басы ғана емес, бүкіл заманның кеселі деп есептейді»,* – деген сөзін басшылыққа ала отырып, заман көшінен қалыспауға тырысқан біздер, құндылықтар жүйесін бәрінен биік қойып, талмай ізденіп, жаңа бастамаларға бет бұрсақ деймін. [3]

«Жастарға» өлеңінде ақын өзінің ғибратты сөздерін бірінші кезекте жас жеткіншектерге арнайды. Бұл өлеңнің идеясы тұнып тұрған өсиет, ақыл мен нақыл. Ақын өнер, ғылымға жету жолдарын көрсетіп, оқуға шақырады. Ізгілік жолына түсудің, арамдық пен алдаудың, қулық пен сұмдықтың зиянын, білім мен ғылым үйренудің шексіз пайдасын түсіндіреді. [2]

Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық,
Арам, айла, зорлықсыз мал табалық.
Өшпес өмір, таусылмас мал берелік
Бір білімді данышпан жан табалық,
Сақ болалық, бір шоқып, бір қаралық!
Қарауылдар мезгіл ғой, тұр, қаралық!
Жүз айтқанмен, өзгенің бәрі надан,
Ж алыналық Абайға, жүр, баралық! [1] – деген жолдарында ғылым мен білім, адамдық пен азаматтыққа жеткізетін бірден-бір құрал екенін айтып, шәкірттік пен ұстаздық арасын айшықтап көрсетеді. Шәкәрімнің оқу-білімге, өнерге, еңбекке, адамгершілік идеясына көзқарасы үнемі Абаймен үндес келіп отырады.

Өзің біліп біреуге қылсаң жарлық,
Асыл сол – ақыл, білім бойда барлық.
Айла, өтірік, арсыздық өнер емес,
Мен де анаудай болсам деп таласарлық [1] – деп ақын оқырманға ой тастайды. Адамның түзу жолдан таймауы үшін, жан тазалығы мен ар тазалығына ақылдың үнемі көшбастаушысы болып отыруын қалайды.

«Білмекке талап етіп көрейін» деп,
«Шын сөзге көңілімді бөлейін» деп,
«Надан болып қорлықты көргенімше,
Естінің айтқанымен өлейін» [1] – деп толғанып, өз заманының қоғамын сынап, адам бойындағы жағымсыз мінез-құлықтарға жиіркене қарайды, басқаларды да жиіркендіреді.

Зерттей келе, ақын атап көрсеткен «дұрыс жолдан таймау», «ала жіпті аттамау», «білім мен өнерді сүю», «мансапқорлыққа салынбау» т.б. ізгі қасиеттерді оқып отырған жас жеткіншек әр қасиетті ойлана отыра, жақсы тұстарын бойына сіңіріп, байыбына жетуге тырысарын ұғындым. Үйде де, мектепте де осындай тәрбие алған бала болашақта елінің бетке ұстар, халқына қамқор азаматы болып қалыптасатыны хақ.

Рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халық арасында «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан, Елбасымыз «Болашақ білімді жастардың қолында»

дегендей, біздің, жастардың бойына жастайынан адамгершілік қасиеттерді сіңіріп, көреген ұрпақты тәрбиелеуде мектептегі білімнің алар орны ерекше деп білемін.

**Әдебиеттер**

1. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық/А.С.Ақтанова, А.Қ.Жүндібаева, Л.К.Жұмекенова. – Алматы: Атамұра,2018.
2. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10 -сыныбына арналған оқулық / Қ.Алпысбаев, Б.Әбдіғазиұлы, Б.Сманов, Ж.Сәметова, – 3-бас. – Алматы:Мектеп,2014.
3. https://stud.kz/referat/show/10845#&gid=1&pid=29 «Шәкәрім Құдайбердіұлының тәрбие жайлы ойлары»

# № 3 СЕКЦИЯ: ОРЫС ЖӘНЕ ШЕТІЛ ФИЛОЛОГИЯСЫ

# СЕКЦИЯ № 3: РУССКАЯ И ИНОСТРАННАЯ ФИЛОЛОГИЯ

**М.А. Сагадиева**
М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі
Ғылыми жетекшісі – **А.М. Секенова**,ағылшын тілі пәнінің оқытушысы

## MODERN WAYS OF LEARNING ENGLISH

**Introduction**

If anyone says English is a useless language, they'll laugh at it. 55% of Internet information is in English and more than 33% of the world's population speaks English! And you have to admit that English is our future!

Nowadays we very often confront with the fact, that the knowledge of English becomes a vital necessity. Did you know that over two billion people in the world now speak this language? And this figure is ever growing. It's the language of international business and politics. It is the primary language used for most computers and for the inner workings of the Internet. The ability to speak and understand English is mandatory in certain fields, professions and occupations. Learning of foreign language requires a sufficient amount of time and effort. And my goal over the past couple of month has been to find the best way to learn English. In my project I will try to identify the main ways of learning English and some innovations that have appeared recently. In my project I want to show that everyone can find the most effective method and the way of learning English.

**The Aim:** to introduce information about the modern ways of teaching a foreign language today.

**Objectives:**

– to introduce digital educational resources on foreign language;
– to investigate the best ways of teaching a foreign language
– To cultivate a sense of tolerance and internationalism, a positive attitude of the individual.

The object of this work is new standards of education using of digital educational resources at the English lessons, and the subject is the best ways of teaching English language in new conditions.

**Ways of learning English**

Learning English, or any new language, is not as difficult as most people think. There are several ways of learning English. By far the most important factor is how much time you are immersed in the language. The more time you spend with the language, the faster you will learn. It means spending time enjoyable connected to the language you are learning.It means listening, reading, writing, speaking, and studying words and phrases. If you do want to learn the language, take control.

**1. Self-study.**There are many ways for self-study English. The effectiveness each of them depends on the purpose of language learning and the amount of time devoted to learning.

**2. Music.**You have to listen to English songs, and if you choose your favorite genre in music, then learning will be a pleasure. In order to understand the songs, you have to listen to the song first, then listen to the song again, this time with the lyrics and the translation and the final time without the text. And you will enjoy the fact that you understand the song in the original without interpreters. 50% of students say that English songs help them learn English, its pronunciation, and new words. There's a lot of slang and idiom in the songs, which is useful.

**3. Watch movies or shows.**It's the same as music, but here you see the exact picture and you know what it's about. You have to promote your listening skills. And you want to watch it with English subtitles, and even better when you're not watching subtitles and you get it. 10 percent of students admit to having improved their skills by watching various shows and series in the original.

**4.YouTube channels.**The 21st century is the age of technology. YouTube has a lot of channels that help you learn English. But do they help? Of course! If you can find your teacher! Personally, I have a great deal of help in learning English from channels like English Galaxy and Teacher Tiffany and Venya P**.**

Thus, in this research everyone can conclude that in the present knowledge of English is required. English language is the language of international communication, and many people are faced with this fact daily. In modern world there are many opportunities for learning English. Ultimately there is no right or

wrong way to study language, so think about your personality, the amount of time you're willing to dedicate to language learning and then work out what is suitable for you. Most of all, remember to have fun and enjoy it!

## References


1. http://www.pickthebrain.com/blog/learn-foreign-language/
2. http://english-news.ru/sposoby-izucheniya-anglijskogo-yazyka-ix-plyusy-i-minusy.html
3. http://www.bootsnall.com/articles/09-09/10-ways-to-learn-a-foreign-language-that-arent-all-obvious.html
4. http://www.learnenglish-a-z.com/easy-ways-to-learn-english.html



**А.О. Сатеков**

КГКП «Колледж бизнеса и сервиса»

Научный руководитель – **А.К. Абдрахманова**, преподаватель английского языка


## КРИТЕРИИ ОТБОРА ВИДЕОРЕКЛАМЫ ДЛЯ ИЗУЧЕНИЯ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

**Дәстүрлі өркениетті зерттеудің қиындықтары.** Ежелгі заманда әр дәуірді зерттеу өте қиын болған. Мәдениеттің өз жазуы болмаса тіптен қиынға соққан. Қазіргі заманда дәстүрлі мәдениетті әлеуметтік топтармен араласа отырып бақылайды. Мұндай зерттеу әдісі «қосылып бақылау» деп аталады. Осыдан екі немесе үш мың жыл бұрын өмір сүрген, алғашқы қауымдық қоғамның күнделікті әлеуметтік өмірін осы әдіспен зерттейтіндей мүмкіндік болған жоқ. Егер өзінен кейін жазба деректер қалдырмаса, ежелгі халықтың қандай тілде сөйлегенін анықтау қиын. Осыған байланысты ежелгі тарих мәселелері туралы түрлі пікірлер туындап, қорытынды жасауда гипотезаға жол беріледі [1].

**Тарихи жазба деректер.** Орталық Азияның ежелгі тарихы жазба деректерде дәл және нақты көрсетілмеген. Бұл деректердің басым көпшілігі б.з.б 1 ғасырдың екінші жартысына және б.з. 2 ғасырдың бірінші жартысына жатады. Орталық Азияның ертедегі дәстүрлі өркениеті туралы жазба деректердің негізгі топтары: антикалық, ирандық, ежелгі қытайлық, ежелгі түркілік болып бөлінеді. **Антикалық** деректерге Геродот, Страбон сияқты әйгілі тарихшылардың ежелгі шығармалары енеді. **Ирандық деректерге** зороастризмнің қасиетті кітабы «Авеста», ежелгі парсының сына жазуы, эпиграфика жатады. **Түркілік деректерде** Орхон-Енисей ескерткіштері аса құнды географиялық деректер ретінде көрініс тапқан. **Қытайлық** деректерге қытай миссионерлер, елші дипломаттар, саудагерлер, басқалар Ұлы Жібек жолы арқылы Орта Азияға саяхат жасау кезінде басып өткен аймақ туралы көргендерін қағазға түсіріп отыруы жатады. Яғни осы деректердің бәрі қазіргі таңда бізге тарихымыз жайлы маңызды ақпараттар береді [1].

**Археологиялық зерттеу тарихы.** Орталық Азия – алғашқы адамдар өрбіген жер шарының бір бөлігі. Бұл аймақта алуан санды археологиялық ескерткіштер сақталған: тас, қола, темір және орта ғасыр. Бұл ескерткіштер айтарлықтай зерттелмегендіктен, олардың таралу аймақтары, мазмұндары туралы ғылыми түсініктердің айтарлықтай болмауы себепті, отаршылық жылдарындағы ғалымдар жергілікті халықтардың тарихына дұрыс баға бере алмаған.

Тарихымызды көпшілік жағдайда болжам арқылы қарап, Орталық Азияны ежелден мекен еткен түркілердің тарихын ақтаңдақтарға толтырды. Сондықтан, бұл археологиялық шолуда, сол ғалымдардың XIX ғ. соңғы жылдарында жарық көрген еңбектерінен бастап, Кеңес өкіметі жылдарындағы көлемді жүргізілген археологиялық зерттеу деректеріне шолу жасамақшымын. 1889 жылы белгілі орыс шығыстанушысы Н.М. Ядринцевтің бастауымен және түрлі мамандардың қатысуымен Моңғолияның көне астанасы Қарақорымда қазба-зерттеу жұмыстары жүргізілген болатын. Осы зерттеу барысында бұл қаладан өте құнды мәдени деректер табылды. Бұдан кейін, Батыс Қазақстан Ресей қарамағына кіргеннен соң-ақ, Ресейдің саясатшылары мен зерттеушілері, саудагерлері бірінен соң бірі келе бастаған. Олар қазақ жерінен көрген-білгендерін қағаз бетіне түсірген. Олардың арасынан археологиялық ескерткіштер туралы мағлұматтар кездесіп отырады. Олардың ішінен 1862 жылы Қазақстанда археологиялық жұмысты бастаған В.В. Радловты айтуға болады. Қазақстанның солтүстік-шығыс және Сібір жерлерінен зерттеуші кейбір қола, темір дәуірінің ескерткіштерін қазып, бұл мәдениет беттерін алғашқы рет ашты. В.В. Радловтың жүргізген археологиялық қазба жұмыстары кең көлемде болмаса да, оның алғашқы рет археологиялық ғылыми негізде бастауының маңызы айтарлықтай. Қазақ Алтайының төріне жайғасқан Үлкен Берел обасын В.В. Радлов 1865 жылы бастап қазса, оны 1959 жылы С.С. Сорокин жалғастырған. Қазу кезінде жақсы сақталған, сол кездегі жерленген адамның заттары шыққан: киімі, құрал-саймандары, ең бастысы адамның мүрделері, жылқының еті мен сүйектерінің қалдықтары күні бүгінге дейін сақталып келген. [2-3] Сөйтіп, XX ғасырда тарих ғылымының, оның ажырамас тармағы археологияның қолға түсірген тамаша жаңалығы айтарлықтай. Осы табыстарымен археология тарих ғылымында төңкеріс жасады. Жиналған археологиялық, тарихи деректер жеткілікті. Меніңше, қазіргі қазақ халқының мәдени өркениеті даму сағасын ертеден алатын, түркі халықтарының отырықшы мәдениетінің негізінде қалыптасқан және ол үздіксіз эволюциялық заңдылықпен дамып келе жатыр.

**Әдебиеттер**

1. Қазақстан тарихы. Жалпы білім беретін мектептің 10 сыныбына арналған оқулық.-Алматы: Мектеп, 2019.-256 б.,сур.
2. e-history.kz/media/5129/2017/08/01/
3. e-history.kz/en/publications/view637/

**И.Т. Дайырбаев**
Бесқарағай ауданының Семеновка орта мектебі
Ғылыми жетекшісі – **А.Ж. Шантемиров**, тарих пәнінің мұғалімі

## БЕСҚАРАҒАЙ АУДАНДЫҚ ГАЗЕТТЕРДІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ

«Прииртышье» газетінің редакциясы нақты ұйымдастырылған жылы құжаттар жоқтығынан белгілеуге мүмкіндік болмады.Ғылыми – техникалық өңдеуге берілген құжаттар бойынша 1963 жылы деп болжамдалды.

1991 жылдың 16 қарашасындағы аудандық Кеңес шешімі «Прииртышье» газетінің белсенділігі тоқтатылсын деп негізге алынып 1991 жылы 30 желтоқсанда № 54 бұйрық бойынша аудандық «Прииритышье» газетінің жаңа шығарылытын саны 1992 жылдың 1 қаңтарына бастап тоқтатылды.1989 жылдың 12 қарашасындағы аудандық Кеңес шешімі бойынша және «Шұғыла» газетінің редакторының 1989 жылдың 1 желтоқсандағы № 170 бұйрығы негізінде «Шұғыла» газеті редакциясы ұйымдастырылды.

1991 жылдың 16 қарашасындағы аудандық халық депутаттары кеңесінің VII сессиясының шешімі негізінде 1992 жылдң 1 қаңтарынан бастап «Шұғыла» газеті редакциясы белсенділігін тоқтатты.

«Достық – Дружба» газетінің редакциясы ашылып – жабылуы туралы әкімшілік құжаттар табылмады.

«Прииртышье», «Шұғыла» , «Достық – Дружба» газеттерінің редакциясы Семей обылысы Бесқарағай ауданы Үлкен Владимировка ауылында орналасты.Бесқарағай жерінде мемлекеттік билік органы бола отырып «Прииртышье», «Шұғыла», «Достық – Дружба» газеттері өз беттерінде

партия ,совет органдары өмірін, ауданның еңбек белсенділігін көрсетті, ауыл тынысымен, мәдениет, спорттық іс – шараларымен таныстырды, білім және денсаулық мәселелерін көтерді. «Прииртышье», «Шұғыла», «Достық – Дружба» газеттірінің редакциялары заңды тұлға болып табылды. Дөңгелек мөрі ,бұрыш штампы, атауы болды және барлық заңды тұлға құқығымен пайдаланды.Басшылықты Бесқарағай аудандық пария комитеті тағайындады.

**С. Рауанқызы**
ШҚО Семей қаласы «№ 18 ЖОББМ» КММ
Ғылыми жетекшісі – **Б.К. Бекбатырова**, тарих пәні мұғалімі

## ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ЖӘНЕ ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ

**I. *Кіріспе***

XV-XVIII – ғасырларды қамтыған жыраулар поэзиясы халқымыздың жүздеген жылдар бойы жадында сақталып, бүгінде қазақ әдебиетінің бір кезеңі болып қалыптасып отыр. Сөз қадірін білген қазақ халқы түйінді, иірім жолдарды талай аласапыран кезеңдерден алып өтіп, қазіргі әдебиетімізге аманат етіп тапсырды.

Елбасымыз Ұлытауда берген сұхбатында: «Қазақ хандығы біздің еліміздің түп-тамыры. Бұл тұңғыш мемлекетіміздің болашағын белгілеген үлкен тарихи оқиға. Біздің болашағымызға бағдар ететін ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Қазақ елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік Ел!» деген еді.

2014 жылдың 17 қаңтарында Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың кезекті халыққа жолдауын: «Бір жыл бұрын мен еліміздің 2050 жылға дейінгі дамуының жаңа саяси бағдарын жария еттім. Басты мақсат – Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол – «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті»,- деп бастады. Бұл орайда елең еткізген жаңалық – тұңғыш мемлекеттік ресми идеология, яғни «Мәңгілік Ел» идеясының жариялануы. Бұл – Қазақстан Республикасының ұлттық идеясынан келген түйін-тұжырым. Мәңгілік Ел отандастардың бірегей тарихи мақсаты мен қаһармандық ұраны десек қателеспейміз. Аталған идея қазақ елінің ғасырлар бойы армандаған мақсаты ғана емес, Тәуелсіздік жолындағы жанқиярлық еңбегі мен тынымсыз шығармашылығының нәтижелері арқылы қол жеткен асу. «Мәңгілік ел» ұғымын тереңнен түсіндіру, тарихи негіздерін көрсету мәселелері маңызды болып табылады.

**Зерттеудің өзектілігі.** Ханның қасында әр уақытта ақылшы жыраулар болған. Жыраулар – халық поэзиясын жасаған ақылгөй даналар. Олар заманының өздері куә болған елеулі уақиғаларын, тарихи кезеңдерді жырға қосқан.

Жыраулар поэзиясына дейінгі әдебиет халық жасаған ауыз әдебиеті деп аталды. Жыраулар поэзиясы Қазақ хандығы құрылғаннан бастап (XV ғасыр) өріс алды. XV ғасырда Асан Қайғы, Казтуған жыраулар өмір сүрді.

Жырауларды халык, қадір тұтқан. Ел толқыған кезде, бүліншілік шыққанда немесе ел шетіне жау келген кездерде ақыл, кеңес сұрайтын болған. Мұндай кезде жырау жұртшылықты абыржымауға шақырып, оларға күш-қуат беріп (дем беріп), істің немен тынатыны жайлы болжамдар айтып отырған. Жыраулар поэзиясы XV-XVII ғасырлар аралығын қамтиды.

Түркі тарихын, көне түркі мұраларын зерттеуші филология ғылымдарының докторы, профессор Қаржаубай Сартқожаұлының «MANGI EL» халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналында: «Мәңгілік ел – түрік жұртының данагөйі, үш бірдей қағанның кеңесшісі болған атақты Тоныкөк (Тұй-ұқық) негізін қалаған идея...» – екендігін жазған. Осы идеяны қазақ хандығы тұсында жүзеге асыруға тырысқан жыраулар болды.

**Жұмыстың мақсаты:** Қазақ хандығы атты дәуірдің әдеби мұрасы болып табылатын жыраулар поэзиясының маңыздылығын таныта отырып, сол кезеңдегі жыраулар шығармашылығына терең талдау жасау, тақырыптық жағына сипаттама беру, ел бірлігі мен берекесін сақтап қалудағы, «Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асырудағы ерен ерліктеріне шынайы баға беру.

**Зерттеудің міндеттері:**

– Қазақ хандығы тұсындағы жыраулар шығармашылығы, олардың асыл мұраларының мәңгілік ел идеясын жүзеге асыруға талпынысы туралы тарихи-тәлімдік, әдеби көзқарастарға талдау жасалынды;

– Хандар тұсындағы дала даналары мен билерінің шешендік сөздеріндегі тәрбиелік мәселелердің бүгінгі күн тәрбие мақсаттарымен үндестігін айқындау;

– Хандардың тағылымдық, батырлық танытуы заман талабымен сай, жыраулар поэзиясымен салыстыра сипаттау.

– Қазақ қоғамындағы тарих пен тұлғаға қатысты идея сабақтастырылып, жаңа көзқарастар тұрғысынан түсіндіру.

**ІІ Негізгі бөлім**

**2. 1 Жыраулар поэзиясының «Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асырудағы маңызы**

Жырау деген атау "жыр" сөзінен шыққан. Жыршы деп көптеген эпостық жырларды жатқа білетін, дайын репертуары бар айтқыштарды таныған.

Жыраулар өз шығармаларын ақыл-нақыл, өсиет түрінде айтқан. Олардың толғауларының негізгі тақырыптары – туған жерді, елді сүю, Отанды қорғау, елді бірлікке шақыру, адамгершілік қасиетті насихаттау.

Жыраулар поэзиясы – дербес мемлекеттік дәрежеде өмір сүрген Қазақ хандығы атты дәуірдің әдеби мұрасы. Көрнекті ғалым-жазушы М.Мағауиннің айтуынша: «Қазақ халқының жалпы түркілік ортақ этнос құрамынан бөлініп, дербес Орда құрған хандық заманы төрт ғасырға жуық ұзақ дәуірге созылды». Ол тағы бірде «XV–XVIII ғасырларда жасалған әдебиет ел мүддесін, жұрт мұратын бірінші орынға қойды. Өзіндік түр тауып, айқын ұлттық сипатта қалыптасты. Алаштың жайсаң жанын, өр рухын бедерлей таңбалап, келер ұрпақ үшін ешқашан ескірмес үлгілер тудырды. Көркемдік танымның асқар биігіне көтеріліп, әлемдік өредегі ұлы шығармалар қалдырды», дейді. Яғни, жыраулар поэзиясы – қазақ сөз өнерінің әлемдік классикалық шығармалар шоғырына қосылатын біздің ұлттық рухани қазынамыз.

Жыраулар поэзиясының құндылығы неде? "Бұл дәуірдегі әлеумет тіршілігінің, –дейді М.Әуезов, – ең шешуші мәселесін әдебиет жүзіне түсіріп, алғашқы рет қалың ел қамын ойлап, күңіренген қария – Асан. Бұл заман сыншысы сөйлесе, шешілмеген жұмбақ, түйіні шатасқан сөздерді ғана сөйлейді, өзі туған заманның белгілерін қарап, келешек заман не айтарын болжайды: сөзінің бәрі терең ой, терең мағынамен сөйленеді. Айтпақ жайларын ашып, ұғымды қылып айтып бермейді. Әдейі көмескілеу жұмбақ қып айтады. Жыраудың сөзі мақсатсыз айтылмайды. Не айтса да көптің мұңы, көптің жайы туралы, не көпке арналып ақыл, өсиет есебінде айтылады". Ғалымның осы ғұламалық пікірінде жыраулар поэзиясының идеялық-көркемдік мәні терең ашылған.

Демек, жыраулар поэзиясы – халқымыздың неше ғасырлық өмірін өнер өрнегіне, ақыл сөзіне бейнелеп түсірген, өшпес, өлмес мұрамыз.

Жыраулар поэзиясы халықтың басынан өткерген тарихи оқиғаларды, оның арман-мұратын, кешірген ауыртпалықтарын жырлаумен ғана бағалы емес, елдің саяси-әлеуметтік тіршілігін, ойсанасын, дүниетанымын көркем бейнелі тілмен бере білуімен де бағалы.

Жыраулардың өз толғауларында көтерген негізгі тақырыбы қандай? Жыраулар поэзиясының өзекті тақырыбы – туған елі, оған деген сүйіспеншілігі, елдің бірлігі, бүтіндігі.

**Қорытынды**

Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы. Мәңгілік Ел ұлттық идеясының негізгі мәні – мәңгілік мақсат-мұраттарымыз бен мәдени-рухани құндылықтарымызға негізделген, мемлекет құрушы қазақ халқы мен өзге де ұлттардың ұлттық идеяларын бір арнаға тоғыстыратын идеология арқылы қалыптастырылатын қазақтың ұлттық мемлекеті.

Жыраулар шығармашылығы осы идеяны жүзеге асырудағы үлкен қозғаушы күш болып табылады. Жыраулар – Қазақ хандығы халқымыздың барлық жастағы адамдарының асыл, саналы қасиетті болуын мұрат еткен нағыз тәрбиешілер. Жыраулар поэзиясы – қазақ сөз өнеріндегі шынайы ұлттық сипаттың негізгі көркемдік іргетасы. Сондықтан, халықтық тәрбие дәстүрін жыраулар поэзиясы арқылы тереңдете ұғындыру – өмір талабынан туындаған мәселе.

Қорыта айтқанда, Қазақ хандығы дәуірінде жыраулар поэзиясының басты тақырыбы – халықтың топтасқандығы мен бірлігі және әскери күшқуатын нығайту мәселелері болды. Бұл туындылардың Тәуелсіз Қазақстанның өркендеп дамуына, болашақ «Мәңгілік Ел» болуына тигізетін ықпалы орасан зор деп білеміз.

«Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекетіміздің ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн», – Елбасы айтқандай, «Мәңгілік Ел» – жас ұрпақ үшін маңызды мәселе болып табылады. Қазақ елі үшін бірлігін сақтауға, мемлекеттілігінің тұтастығын қамтамасыз етуге жыраулар поэзиясының беретін тәлім-тәрбиелік жақтары ұшан теңіз. Бүгінгі ұрпақ – **Мәңгілік Елдің** болашағы.

**Әдебиеттер**


1. Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы,1994.
2. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясының бейнелілігі. – Алматы, 1991.
3. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет Алматы: 1993ж. – 139 б.
4. А. Ф. Лосеев Гомер, Москва: 1960 ж. 69 – бет.
5. Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті , Алматы: 1983 ж. 77, 130 – бет.
6. Уәлиханов Ш. Таңдамалы Алматы: 1985 ж. 16, 124 – бет.
7. В. В. Радлов Ел қазынасы – ескі сөз Алматы: 1994 .ж 10 – бет.
8. Қ. Халидұлы Тауарих хамса. Алматы: 1992, 93, 106, 110, 111 – бет.
9. Әуезов М. Әдебиет тарихы Алматы: 1991ж. 5, 16, 207 – бет.
10. Әдеби мұра және оны зерттеу Алматы: 1959 ж. 22, 58, 97, 100 – бет.
11. Қ. Мәмбетов. Baq.kz сайты. // Қазақ хандығы және жыраулар поэзиясындағы ел бірлігі. 2015 жыл. 18 шілде.



**Қ.Б. Бақытбеков**

Семей қ. «№ 8 көркем-эстетикалық білім беру және тәрбиелеу жалпы орта білім беретін мектеп-кешені» КММ

Ғылыми жетекшісі – **А.Ж. Төлеуқоңыр**, тарих пәнінің мұғалімі


## ҰЛТТЫҚ САНА ЖӘНЕ АЛАШ АРЫСТАРЫ

Қазақ халқының жерін отарлау тарихында, Ресей империясына тең келетін ел болған емес. Осыған байланысты, қазақ тарихы, Ресейдің озбырлық саясатына қарсы жүргізген қозғалысқа толы. Солардың бірі-тарих қойнауынан «Алаш қозғалысы» деген атпен суырылып шығып, қазақ елінің бостандығы үшін болған аса ірі оқиға ретінде, жадымызға сіңіп келе жатса, негізінен отаршылдыққа қарсы бағытталған осы қозғалыстың, қазақ жерінде болған басқа қозғалыстардан еңсесі биік деп айта аламыз. Өйткені ол, өктем елдің қиянатына қарсы әлсіз елдің қару ұстанған қимылын емес, ұлттық сананың оянуының қоғамдық көрінісін көрсеткен құндылығымен ерекшеленеді. Алаш қозғалысының басқа қозғалыстардан артықшылығы сол,ол ұлттық болмыстың басымдықтарын сақтау және оларды заман талабына сәйкес етіп бейімдеу болатын.Алаш қозғалысы, осы ниет жолындағы күресінде, саяси демократиялық партия мен ұлттың дербес мемлекет құру деңгейіне дейінгі заңғар биіктен көріне білді.

Өмірге келгеніне жүз жылдан аса уақыт өтседе, осынау қозғалысқа байланысты саяси және теориялық мәселе өз зәрулігін бүгін де жойған жоқ, қайта уақыт талабына сәйкес жаңа мәнге ие болып отыр.Сондықтан да қазіргі уақытта Алаш азаматтарын тану, олардың ұлтжандылығын, күрескерлігін, қайраткерлігін насихаттауды өзімнің парызым деп білемін.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Ғасыр басындағы мемлекет мүддесін ойлаған ұлты қазақтардың жеке басының тағдыры да қасіретті болды. Алайда, ұлттық жігер мен толысқан зерде сабағы ұмыт болған жоқ.Жүзжылдықтың алғашқы жартысындағы қазақ зиялыларының жеке басының қасіретімен қатар,өрілген қызметі өзінің бірегей құбылыс ретінде тұжырымды деңгейімен ғана емес, азаматтық һәм адамгершілік

деңгейімен де осы заманмен үндес», [2]-деп ерекше көрсеткені Алаш тарихын жеткізуге уақыттың келгенін хабарлап берді.

«Алаш қозғалысы»дегеніміз – ұлт-азаттық қозғалыс.Міржақып Дулатовтың 1917 жылдың өзінде жазған мақаласында: «Ресейде саяси партиялар көп, бірақ олардың біреуінің бағдарламасы біздің халқымыздың мүддесіне сай келмейді.Бізге тура қазіргі тарихи кезеңдегі негізгі мүддемізді, қазақшылығымызды білдіретін, соны қорғай алатын саяси партия керек, оның негізінде ұлт өмірі жату керек» [3]. Міне, «Алаш» осы негізде, осындай мақсатта құрылған саяси ұйым болатын. Құрылған күннен бастап Алаш партиясы саяси күреске белсене араласты. Оның мақсаты қазақ халқын отарлық езгіден құтқару, буржуазиялық – демократиялық үлгідегі мемлекеттігіне қол жеткізу болды.

Бүкілқазақтық I сьезд 1917 жылғы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында өтті.Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өміріне қатынасы бар он төрт мәселе енгізілді.Халел Досмұхамедовтың төрағалығымен, Ахмет Байтұрсыновтың, Міржақып Дулатовтың және т.б. хатшылығымен өткен сьезд делегатары он төрт мәселенің ішінде өздерінің басты назарын ұлттық автономия, жер, құрылтай сьезіне дайындық және қазақтың саяси партиясын құру проблемаларына аударды.Сьезде А.Байтұрсынов пен М.Дулатов “автономиялы тәуелсіз қазақ мемлекетін құру” идеясын ұсынды. Ал Ә. Бөкейханов “демократиялық, федеративтік және парламенттік Ресей Республикасының құрамындағы” қазақтың ұлттық-аумақтық автономиясы болуын қолдады.Аса күрделі мәселелердің бірі сьезд қабылдаған қарарда былай делінген: “Қазақ халқының өз алдына саяси партиясы болуын тиіс көрді”. «Алаш» партиясының бағдарлама жобасын жасауға Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Е. Омаров, Е. Тұрмахаметов, Р. Жүндібаев, Ғ. Бірімжанов қатысты. Жоба он баптан тұрды: мемлекет құрылымы; жергілікті бостандық; негізгі құқық; дін ісі; билік һәм сот; ел қорғау; салық; жұмысшылар; ғылым-білім үйрету; жер мәселесі.

Бүгінгі күні Тәуелсіздігіміздің байрағы желбіреп тұрғанына 31 жыл болды. Н.Ә Назарбаевтың Қазақстан Республикасы тұңғыш Президентінің мына бір ойлары біздің әрқайсымыздың жан-жүрегімізді отаншыл болуға өсиеттей баурайды: «Біз Отанымыздың қасиетті байтақ даласын қантөгісті шайқастарда қорғаған батыр бабаларымыздың рухына лайық болуымыз керек.Олар тәуелсіздікті аңсады, біртұтас, қуатты мемлекет құруды армандады. Осы ұлы мұратты жүзеге асырудың асқақ абыройы біздің ұрпақ пешенесіне жазылды. Біздің тарихи міндетіміз әлемнің дамыған мемлекеттерінің қатарына қосу, сөйтіп келер ұрпаққа өркенді де өршіл Қазақстанды табыстау» [1].

**Әдебиеттер**

1. Н.Ә. Назарбаев. Тәуелсіздік белестері. – Алматы: Атамұра, 2003.333б.
2. Н.Ә. Назарбаев. «Тарих толқынында» . – Алматы, 1999 ж.
3. Дулатов М «Тарихи жыл» мақаласы. 8 қантар 1917 жыл. Мына кітапта: Алаш қозғалысы І-том А, 2004, 183 бет.Қазақ. – 1917 – № 212
4. М.Қ. Қойгелдиев «Алаш қозғалысы» Алматы –1995
5. К.Нүрпейісов «Алаш һәм Алашорда» Алматы – 1995
6. «Тарихи тұлғалар» (анықтамалық) Алматы – 2005
7. Қазақ тарихы: ғылыми әдістемелік журнал № 2, 2009
8. Қазақ тарихы: ғылыми әдістемелік журнал № 6, 2012

**Е.А. Есмұратқызы**
«Ю. Гагарин атындағы орта мектебі» КММ
Ғылыми жетекшісі – **Ш.М. Марқабаева**, тарих пәнінің мұғалімі

## ТЫҢ ИГЕРУДІҢ ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНА ӘСЕРІ

Тың игеру – КСРОда астық өнімін арттыру мақсатында жүзеге асырылған мемлекеттік іс шара. 1954 жылы 23 ақпан - 2 наурыз арлығында Компартия ОК кезекті пленумы болып өтті. Онда

«Елде астық өндіруді ұлғайту мен тың және тыңайған жерлерді игеру» туралы қаулы қабылданды. Тың игеру кезінде көптеген өзгерістер болды. 1954 жылы ақпанда «Қазақстанда егістік алқабын ұлғайтуға жарамды жерлер жоқ» деген ұстанымдағы Ж. Шаяхметовтің орнына П.К. Пономаренко бірінші хатшы болып қызметке келді. Қазақстанда тың игерілетін аймақтарға солтүстік облыстар енді. Кеңес Одағы бойынша 1954 жылы 13,4 млн гектар тың жерлер жыртылды. Оның ішінде Қазақстанда 6,5 млн гектар, яғни барлық жыртылған жердің 50% құрады. Ал жоспар бойынша Қазақстанда 1954-1957 жылдары егіс алқабының көлемі 2,5 млн га. артуы тиіс еді. Осылайша, жаппай тың игеру қозғалысы басталды, бұл ел экономикасына да өз әсерін тигізген еді. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы да едәуір алға басты, 1954-1977 жылдары Республикада ауыл шаруашылығының барлық салаларына 21,1 млрд сом қаржы жұмсалып, шығын 27,2 млрд болып өтелді. Тың игеру барысында астық өндіру – 7 есе, ет-5, сүт өндіру – 3 есеге артты. Республика мемлекетке 1954-1984 жылдары 348млн тонна астық, 30млн тонна ет, 47,8 млн т сүт сатты. Қазақстан экономикалық жағынан дамып, республика астық өндіруде КСРО бойынша алдыңғы орынға шықты. Тың игеру нәтижесінде еліміздің солтүстік аймағында егін шаруашылығы жұмыстары қарқынды жүріп, көптеген жаңа қалалар мен ауыл-селолар бой көтерді, жаңа өнеркәсіп орындары салынып, темір жол торабы мен көлік жолдары, электр көздері желілері, байланыс линиялары тартылып, инфрақұрылымның дамуына мүмкіндік жасады. Қазақстан астықты шет елдерге экспорттаушы елге айналды. Осы жылдар ішінде елдің экономикалық қуаты артты. Тың игерудің экономикалық жағынан тиімділігі айтылғанмен кері пайдасыз жағы да әрине болып жатты. Экономиканың шешуші салаларының бірі ауыл шаруашылығын дағдарыстан алып шығу міндеті қойылды. Осы кезде құрылған совхоздарда жергілікті халықтың ерекшеліктері ескерілмей, шошқа шаруашылығын дамыту қолға алынып, жайылымдардың қысқаруы қазақ халқының дәстүрлі мал шаруашылығын орны толмас шығынға ұшыратты. Қой санын арттыру жоспарының орындалуына орасан зор кедергі келді. Түйе мен жылқы шаруашылығы құлдырап кетті. Емдік қасиеті белгілі қымыз бен шұбат өндіру артта қалып қойды. Ауыл шаруашылығының даму деңгейі төмендеп, ет және сүт өнімдерін өндіру көлемі қысқарды. Қысқа уақыт ішінде асығыс жоспарлар құрылып, орасан зор күрделі қаржылар қарастырылды. Елімізде 25,5 млн га тыңайған жерлер өте қауырт жағдайда игерілді. Республиканың ауыл шаруашылығына алғашқы екі жылдың ішінде ғана 6.105 млн сом қаржы жұмсалды. Бұл төртінші бесжылдықта жұмсалған барлық қаржыдан төрт есеге жуық көп еді . Өндірістік негізгі қор 1953 жылғы 276 миллион сомнан 1965 жылы 2,6 миллиард сомға дейін өсті. Бірақ та тың игерудің алғашқы жылдарында қол жеткен табыс одан әрі ұштасып кете алмады. Өйткені жаңадан игерілген тың жерлер 60-жылдардың ортасына қарай өз мүмкіндіктерін сарқи бастаған болатын, осының салдарынан әрбір гектардан жоспарланған 14-15 ц. астық орнына 1954-1958 ж. 7,4 ц. жиналса,1961-1964 ж. – 6,1ц., ал 1964 ж. – 3,1ц. ғана астық алынды. Азық-түлік тапшылығын ауыл шаруашылығын дамытудың экстенсивті әдісі қажетті нәтижеге толық қол жеткізе алмады. КСРО сырттан астық сатып алуды жалғастыра берді. Мысалы, 1960 жылы 17,8 млн тонна мұнай сатылып, 200 мың тонна астық АҚШ, Канада, Франция елдерінен сатып алынды. Алынған өнімнің сатылым жағынан мысал келтіретін болсақ, 1965 жылдан бастап Қазақстан өзінің бидайының әр тоннасын 65 сомнан, ал қара бидайын 60 сомнан сататын болды. Дәл осы дақылдар Өзбекстанда, Грузияда, Әзірбайжанда, Тәжікстанда, Арменияда, Түркіменстанда едәуір қымбат – 90 және 85, ал РСФСР-дың және Украинаның Қаратопырақсыз аудандарында, Белоруссияда, Прибалтика республикаларында – 130 да 130 еді [4].

Саралай келе, тың игерудің теріс фактілері көп болды деп есептеймін. Тың игеру жылдары елімізге келген 2 миллионға жуық басқа ұлт өкілі келді. Мұның салдарынан еліміздің ұлт құрамы өзгеріп, қазақ өз елінде 2-сорттағы ұлтқа айналды, әлеуметтік жағдайы төмендеді,700ге жуық қазақ мектептері жабылды, қазақ елінің елді-мекендері мен жер-су атаулары орысша атала бастады (Ақмола қаласы Целиноград деп өзгертілді, 337 тың совхозы бой көтеріп, түгелдей орысша атау берілді). Тың аймақтар қатыгез қуаңшылыққа жиі ұшырайтын болған. Бұл жағадай елімізге кері әсерін тигізді. Басты өнім болған бидайды басқа елдер мемлекетке біздің елге қарағанда, едәуір қымбат бағаға сатып, қыруар пайдаға кенелген. Қазақстан бидайының сапасына өте жоғары баға берсе де, өте төмен бағаға сатылды. Бидайға деген одақтық сұраныс жоғары болғанымен, ел экономикасына оң нәтиже бере алмады.

**Әдебиеттер**
1. Қазақстан тарихы (1945-2019жж.) Жалпы білім беретін мектептің 8-9 сыныптарына арналған оқулық.2- бөлім/ Қ.С. Өскембаев, З.Ғ. Сақтағанова, Ғ. Мұхтарұлы Алматы:Мектеп, 2019.
2. Көркемсуретті Қазақстан тарихы 4-том Қазақ энциклопедиясы Алматы, 2007 ж.
3.https://www.astana-akshamy.kz «Тың игеру: себебі мен салдары»
4.e-history.kz «Тың және тыңайған жерлерді игерудің негізгі шарттары»

**А.А. Компанец**
КГУ «Новопокровская средняя школа» отдела образования
по Бородулихинскому району управления образования Восточно-Казахстанской области
Научный руководитель – **С.Ж. Сапарова**, учитель художественного труда

## КАК С ПОМОЩЬЮ ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОГО ИСКУССТВА ПЕРЕДАТЬ БОЛЬ ЯДЕРНЫХ ИСПЫТАНИЙ?

**Актуальность моей работы** в том , что Семипалатинский полигон – ужас долгих 40 лет, многих тысяч унесенных жизней. Ядерные взрывы принесли слезы, боль, последующие мутации и многие другие последствия. То, что происходило тогда в 40-е-80-е гг. XX века, эхом доносятся в XXI век. И действует на нас, по сей день.

И я перед собой поставила цель показать всю боль ядерных испытаний через изобразительное искусство. Точнее глазами ребенка без рук в детском манеже на фоне степи, гор, пасущихся вдали лошадей, активиста международного антиядерного движения Карипбека Куюкова.

**Результатом проекта** является дидактический материал по художественному труду для учащихся 7 классов. В данном дидактическом материале художник описывает картины , которые учащиеся 7 классов пройдут при изучении темы: «Современные художники Казахстана». Исследовательская новизна проекта видится в результатах проделанной работы и в сделанных на основе их выводах.

Главный герой моего проекта казахстанский художник, рисующий при помощи губ и пальцев ног, активист международного антиядерного движения – Карипбек Телтаевич Куюков . Он родился без рук в результате радиационного облучения, которому были подвергнуты его родители во время испытаний на Семипалатинском ядерном полигоне. Но это не стало для него препятствием на пути в искусство. Карипбек Куюков посвятил свое творчество и свою жизнь установлению мира, в котором никто и нигде не ощутит на себе катастрофические последствия испытаний ядерного оружия.

Карипбек Куюков преодолел множество препятствий, чтобы стать активистом антиядерного движения и известным художником, чьи работы сегодня выставляются по всему миру. В этом году его работы выставлены на EXPO – 2022 в Дубае.

Сегодня Карипбек Телтаевич рисует портреты жертв ядерных испытаний и, в качестве Почетного Посла проекта АТОМ, выступает против ядерного оружия на конференциях и мероприятиях перед представителями ООН и Конгресса Соединенных Штатов.

Картины Карипбека Куюкова выставлены в частных и государственных коллекциях Америки, Японии, Германии, Турции, Китая и Казахстана. Тематика картин Куюкова связана с ядерной угрозой человечеству.

В результате исследования провела онлайн диалог с художником. Где смогла получить ответы на все интересующие вопросы. Результатом нашего диалога стало то, что получила развернутый анализ на все произведения художника.

В ходе исследования с художником провели онлайн конференцию, мастер-класс для учащихся 7 класса по теме «Современные художники Казахстана. Карипбек Куюков», где учащиеся получили ответы на свои вопросы от самого художника по картине «Взрыв» (видео).

На третьем этапе исследовательской работы ознакомила учащихся школы с собранным видеоматериалом (видео).

Я всей серьёзностью и тщательностью подходила к раскрытию темы. Могу с уверенностью сказать, что с помощью кисти и холста можно достучаться до людей.

Теоритическая значимость нашей работы в том, что познакомившись с нашим исследованием , многие ученики посмотрят на жизнь другими глазами.

Практическая значимость в том ,что собранные материалы можно будет использовать в виде дидактического материала на уроках художественного труда , истории и по воспитательной работе.

Таким образом задачи исследовательской работы решены, поставленная цель достигнута, выдвинутая проблема выяснена.

Свой тезис хочу завершить словами Карипбека Куюкова «Моя главная миссия на этой земле – сделать все, чтобы такие, как я, стали, последними пострадавшими от ядерных испытаний. Пока бьется мое сердце, пока есть во мне силы, я призываю человеческий разум к сохранению безопасности на планете ЗЕМЛЯ!»

**А. Амангелді**
Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Аягөз ауданы бойынша білім бөлімінің
«№ 5 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Ғылыми жетекшісі – **Н.А. Шыныбекова**, педагог-психолог, педагогика магистрі

## АГРЕССИЯ – ТҰЛҒАНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ КЕДЕРГІ

Күнделікті өмірде агрессия дегеніміз: «Жағымсыз қатынас туғызатын ашық түрдегі өшпенділік, ал агрессивті бұл күш салу, зиян келтіру әрекеті ретінде түсіндіріледі». Жалпы «агрессия» термині күш салу, күш жұмсаумен байланысты. Агрессия түсінігіне формасы мен нәтижесі бойынша әр түрлі әрекеттер біріктіріледі, соның ішінде орынсыз әзіл-қалжың, өсек, нұқсан келтіру ойларынан бастап, кісі өліміне дейін. Өшпенділік неғұрлым тар мағынада алынады, белгілі бір объектіге бағытталады.

Мен, өзімнің күнделікті бірге жүретін сыныптағы сыныптас құрбым деп алатын болсам, оның көңіл күйі ауа- райы тәріздес әр күнде әр түрлі болып құбылып отырады. Сыныптастарымның бойындағы осы мінездері мені ойландырып, әрі қарай ізденуіме түрткі болып, қазығушылық танытты. Құрбыларымның бойынан агрессия байқалды. Жалпы агрессия барлығына таныс нәрсе. Ашу -ыза кез- келген уақытта пайда болады. Агрессия түсінігіне формасы мен нәтижесі бойынша әр түрлі әрекеттер біріктіріледі, соның ішінде орынсыз әзіл-қалжың, өсек, нұқсан келтіру ойларынан бастап, кісі өліміне дейін. Өшпенділік неғұрлым тар мағынада алынады, белгілі бір объектіге бағытталады. Шетелдік және отандық көптеген зерттеушілер агрессия мәселесін әр жақты зерттеп қарастырған, бірақ бір ортақ көзқарасқа келген жоқ. Себебі бұл мәселе өте күрделі және жан-жақты. Мен құрбымды сабаққа келген уақытта, сабақ барысында, үзіліс уақытында үнемі бақылап жүрдім. Қазір біз не нәрсеге тез ашуланамыз, сөз көтермейміз, тез ренжиміз. Осы боламашы әрекеттер арқылы ашуға бой алдырып, Ашу деген «уытты», «уды» оятып аламыз. Осының себептерін айқындау мақсатында сауаланамалар, тренингтер, диагностика сияқты жұмыстар жүргіздім. Оны өзімнің 5-9 сыныптардан бастадым. Іс- тәжірибені жүзеге асыру барысында жеткіншектердегі агрессивті мінез-құлықты анықтауға арналған төрт әдістеме жүргіздім. Телегей теңіздің өзі тамшыдан құралатынын ескерсек, жалындап жанып, алаулап жатқан отты СУ ғана басып, сөндіре алады. Енді жоғарыда айтып өткен ашу ызаға алып келетін әрекеттерді мына бір тамшы арқылы дер кезінде басып, сөндіргім келеді. Оттың (ашудың) алаулап жанбай жатып, ушықпай сөнгенін қалағандықтан, құрбымның жиі ашу ызасын көргендіктен құрбыма тамшыдай болсын пайдамды тигізгім келеді. Сыныптастарымның сабаққа келгенге дейінгі көңіл -күйі бірден бір Отбасы мүшелеріне байланысты. Сондықтан үйде әр баланың өмірге деген құлшынысы болуы үшін көңіл-күйі көтеріңкі болып, айналасына қызығушылықпен қарау үшін, үйдегі атмосфера соған сай болуы

керек. Яғни ата- ана балаларына жағдай жасаумен қатар түсіністікпен қарап, мейірімін төге білуі қажет. Бала өміріне әсер етуші факторлар :мектеп, ата ана, достары десек баланың тұлға болып қалыптасуына пән мұғалімдерінің, сынып жетекшінің , сондай- ақ психолог мамандарының әсері зор. Қандай да бір қиындықтар туындап, өз ортасымен келіспеушіліктер болған жағдайда сол жағдаяттардан шығу жолдарын көрсетіп, жөн сілтейтін бірден -бір маман мектеп мектеп психологтары. Сондықтан әр сыныпқа психология пәні енгізілсе деген тілегім бар. Бұл сөзіме дәлел ретінде көп балаға көмегі тиген «Қарым қатынас», «Достық», «Ашу-ызамен не істеу керек?» мына тренингтер мысал бола алады. Алары көп, ой түйетін осындай құнды, тәжірибелік мәні зор тренингтер аса қажет.

Сөзімді қорытындылай келе, өсімдікке табиғаттың нұры толық түскен, қажетті ылғалды бойына ананың аялы алақаны мен ұстаздардың мейірімге толы жүрек жылуын, достарының қолдауын сезінген әр баладан асқан бақытты бала болмас!!! Оның болашақта тұлға болып қалыптасуы сөзссіз айқын.

**Әдебиеттер**

1. Берковиц Л. Агрессия. – Н.,У. – 1962. – 225 б.
2. Артемьева Т. Агрессия: Проявление агрессивности у подростков 11-12 лет // Приложение к газете «Первое сентября», серия «Спорт в школе». – 2008. – № 14. 35-45 б.
3. Нағашыбаева, С. Жеткіншектердің психологиялық ерекшеліктері мен агрессиялық мінез-құлқын зерттеу // С.Нағашыбаева; Қызықты психология. – 2010. – № 2. – 26-29 б.
4. Христофорова В., Айымов Е.  Тұлғаның мінез- құлқындағы агрессия себептері және жою жолдары // Мектептегі психология. – 2008. – №3(15). – 20- 21 б.

**Т. Ергалиев**
КГКП «Семейский финансово-экономический колледж имени Рымбека Байсеитова» УО ВКО
Научный руководитель – **А.Н. Искаков**, преподаватель истории

## POLYMER SEMEY

Порошковая покраска – это метод получения полимерных покрытий с высокими защитными и декоративными свойствами. Данный метод окраски был разработан в 1950-х гг. Способ порошкового окрашивания является популярной альтернативой нанесению жидких лакокрасочных материалов для деталей, допускающих термообработку [1].

Проект предназначен для автолюбителей и владельцев поддержанных авто. Люди готовы вкладывать значительные средства в улучшение внешнего вида и функциональности своих автомобилей, чтобы избежать расходов на приобретение новых железных коней.

Наша цель реализовать в нашем городе бизнес по покраске автомобилей полимерным композитом (порошковая покраска).

Преимущества данного метода:

- **Экономичность.** Дело в том, что такая краска может использоваться повторно, если она не оседает при распылении на обрабатываемой поверхности. Таким образом, потери материала составляют не более 5 %. К слову, этот показатель для обычных красок будет в 8 раз выше – около 40 %. Также в данном случае нет необходимости в растворителях.
